Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№5 (1008)

05.02.2021

alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti

ПАРАҚОРЛЫҚ

ЖЕМҚОРЛЫҚТАН «ЖЕҢІМПАЗ» БОЛҒАН ЖЕТІСУ

«ИТІҢ ЖАМАН ДЕГЕНДЕ ҰЯТТАН ӨЛГЕНІМ-АЙ» ДЕПТІ ҒОЙ БАЯҒЫДА БІРЕУ. КІМ АЙТСА ДА ТАУЫП АЙТЫПТЫ. ИТ ТЕ ИТТІГІН ЖАСАЙДЫ. АУЛАСЫН КҮЗЕТПЕЙ, ҮРМЕЙ ҚОЙДЫ МА? ӘЛДЕ, АЗУЫН БАТЫРЫП, БІРЕУДІ ҚАУЫП АЛДЫ МА, КІМ БІЛСІН? БАСЫНАН СИПАП, СҮЙЕК-САЯҚ БЕРІП АСЫРАҒАН ИЕСІН ҰЯТҚА ҚАЛДЫРҒАН ИТКЕ КҮЙІНГЕННЕН АЙТҚАН ҒОЙ. БІЗДІҢ ӘҢГІМЕМІЗДІҢ ИТКЕ МҮЛДЕМ ҚАТЫСЫ ЖОҚ. ТӘЛІМ-ТӘРБИЕ БЕРІП, СЕНІМ АРТЫП, ҚЫЗМЕТІН ӨСІРІП, БИЛІК ТІЗГІНІН ҚОЛЫНА БЕРГЕН ОБЛЫС ӘКІМІ АМАНДЫҚ БАТАЛОВТЫҢ СЕНІМІН АҚТАМАЙ, АЛА ЖІП АТТАП, ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН ШАТЫЛҒАНДАР ӨҢІР БАСШЫСЫН ҰЯТҚА ҚАЛДЫРЫП ОТЫР.

Мақалға мәйек болған ағамыз итінің жамандығынан ұялса, облыс әкімі қол астындағы кеңірдегі кетпендей болған нөкерлерінің жамандығынан ұяттан өртеніп жүрген шығар. Қара өлеңнің патшасы, қара сөздің зергері Абай Құнанбаевтан бір нақыл: «Күшік асырап ит еттім, ол балтырымды қапты» дейді. Абай да, жоғарыдағы «Итің жаман дегенде ұяттан өлгенім-ай» деген бейтаныс нені және кімді айтып тұр. Әрине, екеуі де өзі баулып, бағыт бағдар берген адамның иттігін айтуда. Әкімдердің рейтінгісінде көш басында жүрген Амандықты абыройдан айырғандар Баталовтың балтырын қанатты. Бұл өңір басшысының кадр саясатында жіберген үлкен әрі басты қателігі. Себеп қандай дейсіз бе? Талғар ауданына барған Серікжан Ерекешов аудан тізгінін қолына алғанына бір жыл толмай жатып, қарамағындағы қос қызметкерімен қақпан қапты. Ал, Алматы облыстық білім басқармасының басшысы Майгүл Омарова да бір жылға жетер-жетпес уақытта қарамағындағы сыбайластарымен құзырлы органдардың құрығына ілінді. Тәбеттері жаман емес. Жұмсақ жерде отырып опырып жемек болыпты. Аудан әкімі де, облыстық білім басқармасының басшысы да өздері ғана тұтылмай, қол астындағы нөкерлерін қылмысқа итермелеген. Талғар ауданының экс-әкімі Серікжан Ерекешовке қатысты қылмыстық ақпарат шындыққа айналып, оның қамаққа алынғаны растады.

Енді Майгүл Омароваға қатысты ақпарат ресми расталатын болса, Жетісу өңірі жемқорлықтан жеңіске жетті деуге болады. Бұл облыс әкімін ғана емес, Жетісу өңірінің ел-жұртын да ұяттан өлтіріп тұр. Біз алдағы уақытта облыс әкімінің кадр саясатына қатысты мақаланың жілігін шағып, сараптайтын боламыз. Өйткені, Қапшағай және Талдықорған қаласының әкімдері жайлы ел ішіндегі гу-гу әңгіме қамқа тонға сіркелеген биттей өріп жүр.

йтақын МҰХАМАДИ

БАСПАСӨЗ - 2021

«АЛАТАУ» қоғамдық-саяси газетіне 2021 жылға жазылу жалғасуда

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

редакция арқылы
1 жылға – 3640 теңге.
облыстық маңызы бар қалалар үшін "Қазпошта" арқылы
1 жылға – 4470, 20 теңге.
ауыл тұрғындары үшін
1 жылға – 4700, 80 теңге.

Продолжается подписка на 2021 год на общественно-политическую газету «АЛАТАУ»

ЦЕНА ПОДПИСКИ:

с редакции
1 год – 3640 тенге.
для города областного значения через "Казпочту"
1 год – 4470, 20 тенге.
для сельского населения
1 год – 4700, 80 тенге.

Индексі: 15534

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ПАРТИЯ ТЫНЫСЫ

«NUR OTAN-ның» НҰРЛЫ ІСТЕРІ

«Nur Otan» партиясы әу бастан елдің мұң-мұқтажына құлақ түріп, өзекті мәселенің құзырлы орындар тарапынан оңтайлы шешілуіне атсалысып келеді.

Жуырда «Nur Otan» партиясы Жамбыл аудандық филиалына Айгүл Заводхан есімді көп балалы ана келіп, өзінің үй кезегіне тұра алмай жүргенін айтқан. Шарасыз жанның жанайқайын естіген партия филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ы.Амалбек аудандық тұрғын үй шаруашылығы мамандарын шақыртып, А.Заводханның мәселесіне назар аударуды, осы орайда жүйелі жұмыстар жүргізуді тапсырған.

Аудандық тұрғын үй шаруашылығы бөлімінің басшысы Е.Жұртшиев алтын құрсақты ананың құжаттарын қабылдап, үй кезегіне тұрғызылды. Осы тұста көп балалы ана мәселесінің оңтайлы шешімін тауып, жағдайына болысқан нақты істер партиясына алғысын білдіріп, тілеулестігін жеткізді.

* * *

«Nur Otan» партиясына жағдайын айтып, жүгінгендердің қатарында Сарыөзек ауылының тұрғыны А.Кариева да бар. Кербұлақ аудандық филиалына хабарласқан ауыл тұрғыны ауласын су басып, артынша қатты аяздан мұз құрсауға айналғанын айтып, көмек сұраған.

Партияның аудандық филиал төрағасының бірінші орынбасары Г.Камамбаева жедел шешім қабылдап, «Сарыөзек» БПҰ төрағасы Қ.Сұлтанбековке байланысқа шығады. Мәселенің анығына көз жеткізген соң, ауылдық әкімдік пен «Күреңбел су» МКК тарапынан апаттың алды алынып, ауланы жайлаған мұз ойылды. Мұнан бөлек мұз құрсаулары тысқа шығарылды. Партияның уақытында қолұшын созғанына разы болған ауыл тұрғыны шынайы алғысын білдірді.

* * *

«Nur Otan» партиясының өкілдері қайырымдылық жасаудан кенде емес. Мәселен, Райымбек аудандық мәслихаттың депутаты Н.Шымырбаев жуырда ғана Нарынқол ауылындағы көп балалы ананың шаңырағында болып, жалпы құны 100 мың теңгеге азық-түлік пен көмір жеткізіп берді.

Сонымен қатар «Nur Otan» партиясы Райымбек аудандық филиалына Нарынқол ауылының тұрғыны, көп балалы ана Айдана Мұқан қоңырау шалып, отбасында азық-түлік таусылып, көмірсіз отырғанын айтқан. Осы орайда партияның аудандық филиал төрағасының бірінші орынбасары Г.Арипова шешімді жолдарды қарастыруда аудандық мәслихат депутаты Н.Шымырбаевпен байланысып, артынша алтын құрсақты ананың үйіне де дорба-дорба азық-түлік пен қыстан қамсыз шығуы үшін көмір түсіріп берілді.

* * *

«Nur Otan» партиясына көмек сұрап баратындардың қатарында жалғызбасты аналар да бар. Солардың бірі І.Жансүгіров ауылының тұрғыны Сандуғаш Жұматаева жуырда «Nur Otan» партиясы Ақсу аудандық филиалына қыстың көзі қырауда көмірсіз қалғанын айтып, көмектесулерін өтінген.

Партия филиалы төрағасының бірінші орынбасары К.Дәулетбекова ауданның атпал азаматтарын жиып, жалғызбасты анаға қолұшын созуға шақырған. Осылайша, партия филиалы төрағасының бірінші орынбасары К.Дәулетбекова бастап, партия мүшесі Б.Шалабаев қостап, жалғыз басты ананың ауласына көмір түсіріліп берілді. Атқамінерлердің қамқорлығына разы болған отбасы мүшелері азаматтық қылғандарға алғаусыз алғысын білдірді.

**«Nur Otan» партиясы
Алматы облыстық филиалының
баспасөз қызметі**

ӘЛЕУМЕТ

КӘСІПКЕРЛЕРГЕ КӨМЕК КӨРСЕТУ МАҚСАТЫНДА

Кәсіпкерлердің өңірлік палатасы баспасөз қызметі хабарлағанындай, Алматы облысының 1000-нан астам кәсіпкерлік субъектісі Үкіметтен қолдау шаралары бойынша сауалнамаға қатысты.

Осыған дейін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ҚР Үкіметінің кеңейтілген отырысы барысында Үкіметке «Атамекен» ҰКП-мен бірлесіп бір ай ішінде қолдау шараларын әзірлеуді тапсырды. Сондықтан Ұлттық палата кәсіпкерлерге онлайн сауалнаманы іске қосты. Сауалнама 15 ақпанға дейін жалғасады.

«Сауалнама нәтижелері мен кәсіпкерлермен талқылауларға негізделе отырып, Ұлттық палата ҚР Үкіметінде қарау үшін шағын және орта бизнесті қолдау шараларын ұсынатын болады. Бұл жауаптар кәсіпкерліктің қазіргі жағдайын бағалауға, бизнес проблемаларын жеткізуге және одан әрі қолдау шараларын әзірлеуге көмектеседі», – деп атап өтті Алматы облысы Кәсіпкерлер палатасы директорының орынбасары Дәурен Оналбаев.

Сауалнама онлайн режимінде ҰКП сайтында, сондай-ақ Алматы облысы ӨКП әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында қолжетімді.

Тағы бір бағдарлама аясында Алматы облысында кәсіпорындарда жанында 80 оқу орталығы ашылып, онда жұмыссыздарды сұранысқа ие жұмысшы мамандықтары бойынша оқытады. Осылайша кәсіпкерлердің өндіріске қажетті мамандарды даярлауға мүмкіндігі бар. Бұл туралы Алматы облысы Кәсіпкерлер палатасының директоры Әсет Шаяхметов мәлімдеді.

«Өңірлік палатаның қолдауымен облысымызда 80 оқу орталығы ашылды. Олар жұмыссыз азаматтарды еңбек нарығында сұранысқа ие 46 кәсіп пен мамандық бойынша даярлауды жүзеге асырады. 2020 жылы оқу орталықтары базасында 2536 адам қысқа мерзімді оқытудан өтті, оның ішінде 2272 адам жұмысқа орналастырылды», – деді облыстық палата басшысы.

Әсет Шаяхметов Кәсіпкерлер палатасының жүргізген сауалнамасының нәтижесі бойынша өңірде 4505 маманға қажеттілік анықталғанын айтты. Сұранысқа ие мамандықтар қатарында ауыл шаруашылығы, білім беру, құрылыс және халыққа қызмет көрсету салалары.

«Сондай-ақ, кәсіпорындар дуальды оқыту аясында «тапсырыс бойынша» кадрлары дайындауға мүмкіндігі бар. Жалпы, дуальді оқытудың Жол картасына Алматы облысынан техникалық және кәсіптік білім беру (ТжКБ) мекемелерінің 3225 оқушысы, 23 колледж және өңірдің 344 кәсіпорны 28 мамандық, 47 біліктілік және 9 сала бойынша енді», - деп атап өтті Алматы облысы Кәсіпкерлер палатасының директоры Әсет Шаяхметов.

Сонымен бірге, өткен жылы өңірлік палата «Фермерлік шаруашылық», «Ветеринария», «Құрылыс» мамандықтары бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысын ұлғайтуға қол жеткізді.

Жалпы Алматы облысында кәсіптік білім беру қызметін техникалық және кәсіптік оқытудың 76 мекемесі жүзеге асырады, оның ішінде 43-і мемлекеттік және 33-і жекеменшік колледж.

Ш. ХАМИТОВ.

ЖИЫН

Тіл сарайында ҚР Парламенті Мәжілісі мен барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттарының сайлауында белсенділік танытқан партия мүшелері марапатталды. Олар Партия Төрағасы – Н.Назарбаевтың «Алғыс хатын» иеленді.

ПАРТИЯ БЕЛСЕНДІЛЕРІ МАРАПАТТАЛДЫ

Салтанатты жиынға мәслихат депутаттары, партия ардагерлері мен белсенділері, «Жас Отан» ЖҚ мүшелері қатысты. Жиында Талдықорған қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Аманжол Жазықбаев сөз алып, партияның жеңіске жетуі – сайлауалды штаб мүшелерінің айқын басымдылықпен алға ұмтылғандығының арқасы екендігін атап өтті. *«Биылғы сайлауға «Nur Otan» партиясы аса дайындықпен, шынайы ұмтылыспен қатысып, кандидаттарды қатаң партияішілік іріктеуден өткізді. Дәл осы уақытта 21 сайлауалды штаб жұмыс атқарды*, – дейді А. Жазықбаев.

Сондай-ақ, партия ардагері, облыстық сайлауалды штаб төрағасының орынбасары Мейірман Тілеубердинов те еңбексүйгіш жастардың сайлау кезіндегі белсене атқарған жұмыстарына, күн-түн демей партияның алдыңғы қатардан көрінуіне күш салғаны үшін ризашылығын білдірді.

Елбасы марапатын 24 адам иеленді. Оның 14-і партия филиалдарында және сайлауалды штабында қызмет атқарса, 7-і жекелеген ЖШС директорлары. Тізімде «Jas Otan» жастар қанатының 3 белсендісі де бар.

Д.БЕЙБІТ.

МАРАПАТ

ОБЛЫСТЫҚ АУРУХАНА ДӘРІГЕРЛЕРІ ТӨСБЕЛГІ ТАҚТЫ

Талдықорған қаласындағы облыстық аурухананың 33 қызметкері «Ақ жол» демократиялық партиясының Президиумы атынан «COVID-19 жанқиярлық күресі үшін» төсбелгісін тақты. Бұл марапатты партия төрағасы Азат Перуашев арнайы келіп табыстады.

Талдықорған қаласына келген «ақжолдықтарды» облыс әкімінің орынбасары Батыржан Байжұманов пен Рустам Али, аурухананың бас дәрігері Анарбек Моңғолхан қарсы алды. Сапар барысында Партия көшбасшысы аурухана жұмысымен танысты, жансақтау бөлімінде болды. Оған коронавирустық инфекциямен күрес аясында алынған мекемедегі соңғы жабдықтар көрсетілді.

Мұнан кейін медициналық мекеменің мәжіліс залында Партия төрағасының қатысуымен баспасөз мәслихаты өтті, коронавирус індетімен күресте алдыңғы шепте болған дәрігерлерге партия атынан төсбелгі табысталды.

Өз сөзінде Азат Перуашев пандемиямен күресте жан аямай еңбек еткен медицина қызметкерлеріне алғысын жаудырды. Өкінішке орай, індетпен күресте көз жұмған медицина қызметкерлері арасында облыстық ауруханадағы интенсивті терапия, жансақтау және анестезиология бөлімінің меңгерушісі Абай Сахариев те бар.

Бүгінгі күннің батырларына арнайы төсбелгіні табыстауда Партия төрағасы «COVID-19 жанқиярлық күресі үшін» төсбелгісін алдымен кеселге шалдыққандарды емдеу барысында індетке шалдығып қайтыс болған жансақтау бөлімінің меңгерушісі Абай Сахариевтің жары Гүлмира Тоқбаеваға табыстауды жөн көрді. Бұл ретте Азат Перуашев дәрігерге тиесілі төсбелгіні ұлы Жанайдар

Абайұлының кеудесіне тақты.

«Ақжолдықтардың» көрсеткен ықыласы мен құрметіне дәрігерлер шынайы алғысын білдірді.

С.БАЗАРҚҰЛОВА.

ЖОБА

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы» (бұдан әрі ҚДСҰО) мен Колумбия Университетінің Қоғамдық денсаулық сақтау мектебіндегі ICAP орталығының Қазақстан Республикасындағы өкілдігі (бұдан әрі ICAP) арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Жоба «Шеврон» компаниясының бастамасы бойынша және қаржылық қолдауымен жүзеге асырылады.

ІНДЕТКЕ ҚАРСЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

«Меморандумға қол қою – COVID-19 эпидемиясына қарсы іс-қимыл бойынша Денсаулық сақтау министрлігіне кеңес мен практикалық көмек көрсетуге және Қазақстандағы медициналық ұйымдарда инфекциялардың алдын алу мен инфекциялық бақылау жүйесін жақсартуға бағытталған жобаны іске асырудағы маңызды қадам» – дейді компания өкілі Лейла Айтмұханова. *«Бірақ бұл біздің бірлескен алғашқы жобамыз емес. Өткен жылы біз тәжірибе алмасу үшін Қытайдан дәрігерлердің келуіне қолдау көрсеттік, медицина қызметкерлеріне тренингтер ұйымдастырдық, сондай-ақ COVID-19 ауруын емдеу үшін қажетті дәрі-дәрмектер мен жеке қорғаныс құралдарын сатып алуды және жеткізуді ұйымдастырдық»*.

Қол қойылған Меморандум шеңберінде Жұматов атындағы Гигиена және эпидемиология ғылыми орталығы негізінде құрылған медициналық көмекке байланысты инфекциялардың алдын-алу және инфекциялық бақылау жөніндегі үйлестіру орталығының әлеуетін күшейту бойынша шаралар мен қосымша қаржыландыру көзделіп отыр. Сонымен қатар, ҚДСҰО негізінде инфекциялық бақылау бойынша Консультативтік кеңес құрылады және елдің барлық 17 аймағындағы әр түрлі деңгейдегі медициналық ұйымдарда инфекциялық бақылау жүйесінің негізгі компоненттерінің қазіргі жағдайы анықталып, бағаланады. Бағалау нәтижесі бойынша көпжақты пікірталас өткізіліп, Қазақстандағы инфекциялық бақылау бағдарламаларын бақылау жүйесінің тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар әзірленеді.

Медициналық көмек көрсетуге байланысты инфекцияларға бақылау жүргізетін ақпараттық жүйені әзірлеу және енгізу жоспарлануда. Практикалық денсаулық сақтау жүйесіне көмек көрсету үшін, ҚДСҰО және ICAP бірлесіп, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының материалдары мен Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық талаптары негізінде медициналық қызметкерлер мен медициналық ұйымдардың басшыларын инфекциялардың алдын алу және бақылау бойынша оқытуды жоспарлап отыр. Оқыту сертификаттары ҚДСҰО атынан беріледі. Жобаны іске асыру нәтижесінде медициналық ұйымдарда инфекциялық бақылау бағдарламасының барлық бөліктері жетілдіріледі және ҚДСҰО-ның инфекцияның алдын алу және бақылау шараларын үйлестіру әлеуеті арттырылады. Өз кезегінде, бұл Қазақстан Республикасының жұқпалы аурулармен күресте туындайтын заманауи қиындықтарға дайындығын күшейтеді.

ICAP орталығы – АҚШ, Нью-Йорк қаласында орналасқан Колумбия университетіндегі қоғамдық денсаулық сақтау мектебінің құрамына кіреді. Орталықтың басты мақсаты – жанұялар мен қоғамдастықтардың денсаулығын жақсарту. Бүгінгі таңда ICAP – әлемнің 30-дан астам елдерінің денсаулық сақтау министрліктеріне денсаулық сақтау жүйесін нығайту, оның ішінде медицина қызметкерлерін оқыту, денсаулық сақтау саласында инновациялық тәсілдерді әзірлеу және енгізу бойынша консультациялық-әдістемелік көмек көрсететін және ауқымды ғылыми жобаларды жүзеге асыратын ірі халықаралық ұйымдардың бірі.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЮРИСПРУДЕНЦИЯ

ЛИЧНОЕ МНЕНИЕ АДВОКАТА

Предлагаемые изменения в Закон Республики Казахстан «Об адвокатской деятельности и юридической помощи» считаю необходимыми.В том числе, и вызвавшая острую дискуссию поправка в статью 67 нашего профильного закона, в соответствии с которой:

«Определение размера и порядка ЕЖЕМЕСЯЧНЫХ ВЗНОСОВ, ОТЧИСЛЯЕМЫХ КОЛЛЕГИЯМИ АДВОКАТОВ" (то есть, не каждым АДВОКАТОМ) "на общие нужды Республиканской коллегии адвокатов, при этом размер взносов должен исчисляться ЗА каждого адвоката" (то есть, ИЗ БЮДЖЕТА ТЕРРИТОРИАЛЬНОЙ КОЛЛЕГИИ) "и составлять не менее одного месячного расчетного показателя, установленного законом о республиканском бюджете на соответствующий финансовый год.»;

В законе, таким образом, будет закреплена гарантия стабильного и достаточного финансирования Республиканской коллегии адвокатов для успешного достижения указанных в законе целей, для которых она создана.

И, прежде всего, для успешного осуществления представительства и защиты интересов адвокатов везде, где это необходимо.

Из статьи 65 Закона:

«2. Республиканская коллегия адвокатов как организация адвокатского самоуправления создается в целях ПРЕДСТАВИТЕЛЬСТВА И ЗАЩИТЫ интересов коллегий адвокатов и АДВОКАТОВ в государственных и иных организациях в Республике Казахстан и за ее пределами, координации деятельности коллегий адвокатов, обеспечения высокого уровня оказываемой адвокатами юридической помощи…».

ПРЕДЛАГАЕМАЯ НОВАЯ НОРМА в СТАТЬЕ 67 ЗАКОНА НЕ ЯВЛЯЕТСЯ вмешательством в деятельность некоммерческой, независимой, профессиональной, самоуправляемой, самофинансируемой ОРГАНИЗАЦИИ, ПОСКОЛЬКУ ЭТО КАСАЕТСЯ лицензируемого вида деятельности (адвокатской), и обязательного членства коллегий адвокатов в этой, ПРЕДУСМОТРЕННОЙ ЗАКОНОМ ОРГАНИЗАЦИИ.

Наоборот, отсутствие этой нормы дает возможность ограничить деятельность Республиканской коллегии адвокатов путем произвольного уменьшения размера взносов. В данное время сложилась именно такая ситуация.

Предлагаемые изменения в законе исключат споры, подобные тому, что возник при регистрации Устава Республиканской коллегии адвокатов и повлек вынесение известного всем адвокатам решения суда, на которое ссылаются критики данной поправки.

Не было четкой нормы в законе. Теперь этот пробел будет устранен.

Законы принимают депутаты – законодатели.Они выслушивают разные мнения. И это правильно. Но решение за ними. Юристы должны это понимать.

Споры и произвольные решения по взносам в Республиканской коллегии адвокатов стали возможными из-за того, что законом, которым предписано создание Республиканской коллегии адвокатов, не урегулирован важный вопрос о порядке исчисления взносов в Республиканскую коллегию адвокатов от территориальных коллегий адвокатов и его размере.

Часть функционеров территориальных коллегий адвокатов выступают против этих изменений. Они выдают это за мнение большинства адвокатов.

Между тем, адвокатам нет смысла расстраиваться. Размер членских взносов не должен повышаться. Отчисления в Республиканскую коллегию адвокатов должны производиться из тех сумм, которые уже поступают в бюджет коллегий.

Ссылки критиков поправки на саморегулирование некорректны.

Затрагиваются интересы не юридических лиц/территориальных коллегий, а конкретных адвокатов.

Сторонниками этой поправки отмечалось при обсуждении, что существует нарушение равенства между адвокатами по финансовой нагрузке на них по содержанию Республиканской коллегии адвокатов.

За каждого своего члена малочисленные коллегии адвокатовотчисляют в Республиканскую коллегию адвокатов суммы большие по размеру чем,многочисленные коллегии.

Прежде, до вступления в силу действующего Закона РК «Об адвокатской деятельности и юридической помощи», взносы РКА были в размере 0,5 МРП и этот взнос ежемесячно вносил каждый адвокат. Финансовое положение позволяло РКА эффективнее действовать защищая интересы адвокатов. Так, например, когда возникла острая конфликтная ситуация с известным адвокатом, прежний председатель РКА уважаемый А.К.Тугель лично прибыл в город Алматы и принял непосредственное успешное участие в разрешении этого конфликта.

Нынешний председатель РКА так поступить не может потому, что нет денег в РКА на командировочные расходы, поскольку в данное время размер финансирования намного уменьшился.

Стыдно, но это так.Между тем, средства нужны не только на командировки.

Согласен с мнением известного адвоката Айдына Бикебаева о том, что «...У адвокатуры много системных проблем, которые требуют решения. Эту работу надо финансировать. И эту работу должна делать РКА...».

Активный процесс цифровизации адвокатской деятельности должен привести к значительной экономии финансовых средств территориальных коллегий адвокатов. Поэтому по 1 МРП за каждого адвоката ПРЕЗИДИУМЫ ТЕРРИТОРИАЛЬНЫХ КОЛЛЕГИЙ АДВОКАТОВ вполне могут отчислять в РКА за счет экономии на административных расходах, сокращения числа оплачиваемых должностей в коллегиях и уменьшения размера заработной платы.

Депутатами совершенно справедливо предлагается именно в нормах закона установить порядок исчисления и минимальный размер ежемесячных взносов,отчисляемых в Республиканскую коллегию адвокатов территориальными коллегиями адвокатов.

В обосновании поправки депутаты отмечают, что «...Законодательное закрепление размера ежемесячного взноса необходимо для усиления роли и полномочий республиканского органа, расширения его аппарата за счет адвокатов, которым необходимо осуществлять достойное вознаграждение за их работу в органах коллегий.

Руководители Научно-консультативного совета, дисциплинарной комиссии, Комиссии по защите прав адвокатов, Ревизионной комиссии должны получать соответствующее вознаграждение за их работу в этих органах.

Кроме того, требует серьёзного финансирования работа по организации повышения квалификации адвокатов с привлечением тренеров-экспертов на платной основе, оснащение специального помещения для качественного проведения онлайн-тренингов...".

Мной в рабочей группе Мажилиса при обсуждении законопроекта было высказано мое личное мнение в поддержку указанной выше поправки.Однако, некоторые функционеры и небольшая группа адвокатов пытаются монополизировать право высказывать мнения и запретить инакомыслие в адвокатуре.

С этим никак соглашаться нельзя!Убедился, что наши функционеры нередко ошибаются и бывают ни чуть не лучше чиновников.

Ярким примером, показывающим качество некоторых наших функционеров является известный уже всем факт недостачи в кассе нашей Алматинской областной коллегии адвокатов 138 миллионов тенге.

Наша страна унитарная. Условия для осуществления адвокатской деятельности должны быть равными на всей территории Казахстана. Создаваться они должны из единого центра. Поэтому роль центрального республиканского органа – Республиканской коллегии адвокатов в реформировании и цифровизации адвокатуры более важна, чем роль отдельных территориальных коллегий.

Н. СИХИМБАЕВ,
Адвокат, член Алматинской областной коллегии адвокатов

ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВО

КАКИЕ ИП МОГУТ ОСВОБОДИТЬ ОТ НАЛОГОВОЙ ОТЧЕТНОСТИ

КАСЫМ-ЖОМАРТ ТОКАЕВ ТАКЖЕ ПОРУЧИЛ ПРЕКРАТИТЬ ПРАКТИКУ, КОГДА ЗА МИНИМАЛЬНУЮ ЗАДОЛЖЕННОСТЬ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ ПО НАЛОГАМ БЛОКИРУЮТСЯ СЧЕТА.

В период восстановительного роста правительству следует выработать предложения по совершенствованию налогово-бюджетной политики в новых реалиях, сказал Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев на расширенном заседании правительства.

"Крайне важный вопрос – налоговое администрирование. В последние месяцы участились жалобы предпринимателей на налоговый опыт. За минимальную задолженность блокируются счета, постоянно зависает система приёма отчётности, без должных оснований ограничивается экспорт и так далее. В целях исполнения бюджета за счёт авансовых платежей на добросовестных предпринимателей оказывается давление. Следует прекратить эту практику", – отметил Президент.

Он поручил правительству совместно с НПП "Атамекен" разработать предложения по кардинальному упрощению и смягчению налогового администрирования. По словам главы государства, оно должно основываться на цифровых решениях, использовании больших данных и технологии блокчейн.

"В частности, поручаю рассмотреть вопрос освобождения индивидуальных предпринимателей от предоставления налоговой отчетности в случае использования ими онлайн кассовых аппаратов и POS-терминалов", – сказал Касым-Жомарт Токаев.

Он отметил, что налоговые и таможенные поступления являются основной статьёй доходов, при этом их доля в 2020 году составила 47%, а годом ранее она достигала 65%.

"Отмечается низкий уровень собираемости таможенных платежей, широко применяется практика недостоверного декларирования. Только на границе с Китаем количество таких фактов составило около 50 тысяч, это в период пандемии и локдаунов. Расхождение с зеркальной статистикой Китая – более 5 млрд долларов", – сказал Президент.

Он отметил, что контрабанда – это не только неуплачивание налогов, это прямая угроза отечественной промышленности, здоровью граждан.

"Можно констатировать, что одна из важнейших системных политик государства – таможенно-тарифная – недостаточно эффективна. Поручаю правительству разработать комплексную программу противодействия нелегальному торговому обороту на границах государства до 1 сентября", – сказал Касым-Жомарт Токаев.

СОБ.КОРР

НОВОСТИ

ПУСКАТЬ В ЗАВЕДЕНИЯ ТОЛЬКО ПО QR-КОДУ

Казахстанцев разделят по цветам - красный, желтый, синий, зеленый - и будут пускать в ряд заведений только по QR-коду. Цвет человека будет зависеть от того, болеет ли он коронавирусом и есть ли у него ПЦР-тест. Об этом сообщили в Министерстве цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности.

Сообщается, что МЦРИАП совместно с Министерством здравоохранения Казахстана разработало приложение Ashyq для контроля и анализа данных по эпидемиологической ситуации в стране. Приложение нужно для того, чтобы обезопасить посещение общественных мест, сообщает пресс-служба ведомства.

"МЦРИАП, МЗ совместно с нацпалатой предпринимателей "Атамекен" проводят пилот среди представителей бизнеса, деятельность которых ограничена в период карантинных мер. Например, спа-центры, фитнес-центры, кинотеатры. Теперь для посещения данных мест необходимо отсканировать специальный QR-код и предъявить на входе. Приложение, в свою очередь, отобразит рейтинг риска, который делится на красный, желтый, синий и зеленый статусы", - говорится в сообщении.

Красный статус обозначает ограничение передвижения, соблюдение строгого режима домашней изоляции для лиц, находящихся на амбулаторном наблюдении.

Желтый – частичное ограничение передвижения: пользователь обозначен в базе данных ПЦР как контактный, разрешено посещение продуктовых и хозяйственных магазинов, аптек не далее 500 метров от места, где пациент соблюдает режим домашней изоляции.

Синий – для данного статуса нет ограничений в передвижении, кроме мест, где ПЦР-анализ является обязательным (например, в аэропорту).

Зеленый статус обозначает, что ограничений в передвижении нет и данный пользователь обозначен в базе данных как прошедший ПЦР-тестирование с отрицательным результатом на COVID-19.

"Отображение данных статусов даст возможность бизнесу продолжать свою деятельность и не подвергать опасности посетителей. При отсутствии смартфона у посетителей в приложении имеется функция для сотрудников, контролирующих вход в помещение, которые смогут проверить статус посетителя посредством ИИН или сканирования штрихкода, расположенного на удостоверении личности", - поясняет пресс-служба МЦРИАП.

Итоги пилотного проекта позволят в дальнейшем определить сроки тиражирования мобильного приложения для входа в другие общественные места: торгово-развлекательные центры, магазины, рестораны, кафе, вокзалы, аэропорты и так далее.

К. ПФАЙФЕР.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЖАНАЙҚАЙ

МЕКТЕП КІТАПХАНАШЫСЫ

КІМНЕН КЕМ?

«МЕКТЕП» ДЕП АТАЛАТЫН БІЛІМ КЕМЕСІНДЕ ЖАЛАҚЫСЫ ЖАНБАҒЫСЫНА ЖЕТПЕЙТІН БІР МАМАН БАР. «ЖЕГЕНІ – ЖАНТАҚ, АРҚАЛАҒАНЫ – АЛТЫН» БОЛСА ДА ОЛАРДЫҢ ЕҢБЕГІ ӘЛІ КҮНГЕ ЕСКЕРУСІЗ КЕЛЕДІ. «АРҚАЛАҒАНЫ – АЛТЫН» ДЕЙТІН ЖӨНІМІЗ БАР. БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ БАСТЫ ҚҰРАЛЫ – ОҚУЛЫҚ БОЛСА, СОЛ ОҚУЛЫҚТЫ ҚАБЫЛДАП АЛУ, ТАРАТУ, ЖОҒЫН ТҮГЕНДЕП, БАРЫН ЖАРАТА БІЛУ ДЕ ОСЫ МАМАННЫҢ МОЙНЫНДАҒЫ ЖАУАПТЫ ІС. 38 МЫҢ ТЕҢГЕ ЖАЛАҚЫНЫ МІСЕ ТҰТЫП КЕЛГЕН ҚОЙДАН МОМЫН БҰЛ МАМАНДЫҚ ИЕЛЕРІ ГУМАНИТАРЛЫҚ БІЛІМІ БОЛА ТҰРА, МЕКТЕП ҰЖЫМЫНДА «ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕР» САНАТЫНА ЖАТАДЫ ЕКЕН.

Жұмысқа күнделікті ауылдан қалаға қатынап жүргенімізде, жолай көлік тоқтатып тұрған әйелді ала кетуді жөн көрдік. Сөйтсек, ауылдағы мектеп кітапханашысы екен. Әңгіме барысында сөз мамандық жайына ауысқанда әлгі жолаушымыз іштегі назын жайып салды.

«Шағын ауылдық округтерге кейде оқулық жетіспей, жеткізілмей қалатыны бар. Ондайда басшылық тарапы «қалай да сол кітапты тап!» деп буынсыз жерден пышақ салады. Оқу жылы тақалған сайын күнде шақырып алып, есеп алады. Тым болмаса, іздеген кітабыңды шарқ ұрып, жалына-жалбарына жүріп өзге бір кітапханадан тапсаң, соны әкелуге не көлік қарастырмайды, не жол ақысына қаржы бөлмейді. «Бізде қарастырылмаған» деп шығарып салады. Өз қалтаңнан жырып отырып көлік жалдап, аноу бір ауданның кітапханашысымен келісіп жетпеген кітапты толықтырамыз. Бұл менің ғана емес, бүкіл мектеп кітапханашысының басында бар жағдай. Себебі, оқу жылы басталарда барлығы ұлардай шулап, жанталаса оқулық іздеген кітапханашылардың басы WhatsApp-тағы бір топта қосылады», – деп ағынан жарылған келіншекке бұл мәселе қалай да көтерілу керек екенін айтқанымда, азар да безер болды. Екі сөзінің бірі: «Нанымнан айырылып қалмаймын ба?» деумен болды.

Педагог мәртебесі сөз болғанда ұстаз қауымының алғысына бөленген Білім және ғылым министрі А. Аймағамбетов мұғалімнің ғана емес, мектептегі өзге де еңбегі сіңген қызметкерлердің көңілін бір марқайтқысы келгендей. Білім ордасының қызметкерлері қос қолдай келісіп, қуана қабылдайды деп күткен бастаманың соңы дауға ұласа жаздады. Кітапханашылардың мәртебесін көтеремін деп, ұстаздар қауымының титығына тиіп кеткенге ұқсайды. Мұғалімдер жылдар бойы тірнектеп жиған абыройы мен арқа еті арша болып жеткен мәртебелеріне басқалардың ортақтаса кетуіне көнбейтін болып шықты.

Осы мәселе төңірегінде ізденіп көргенімізде, ұстаздар мен мектеп кітапханашылары арасындағы «араздықты» байқап қалдық. Алматы облысы, Қарасай ауданының мұғалімі А. Сағидолла кітапханашыларға үндеу жолдап, өзін құрметтейтін маман мұғалімдерді араластырмай-ақ жалақысын көтеруді ғана сұраулары керек еді деген сын айтты. Бұл жерде министрден «Педагог-кітапханашы» деген мәртебе беруін сұраған мамандарды меңзеп тұр. «Педагог» деп қосарланған статусты бөліске салғандары әбестік екенін аңғартты.

Қызметіне «педагог» сөзі жалғана қалғанда кітапханашылар мұғалімнің сағатына ортақтасып, нанын тартып жемейді ғой. Онда тұрған не бар деген ой да қылау берді санада. Дей тұрғанмен, әңгіменің төркіні әріде болып шықты.

«Осы кезге дейін мұғалімдер болып, қоғам болып педагог мәртебесін көтеру, жалақы өсіру төңірегінде, мұғалімдер неге көше сыпырады, неге біреудің концертіне барады, неге оларды тоқпақтай береді деп талай шуладық қой. Қанша рет хат жаздық, министрге, басқасына. Бірақ, кітапханашылар бізді қолдап, не хатымызға қол қойған емес, не бізге қосылып, қарсы шыққан емес. Олардың қосылмайтыны – бізге, мұғалімдерге жасалған қысастар мен заңсыздықтарға кітапханашылардың да үлесі зор. Мен өзім сарай газеттері деп атаймын, сол газеттерге зорлықпен жазғызуды мектепте кітапханашылар жүзеге асырады. Педагог мәртебесі туралы заң шығып, мұғалімдердің жалақысы көтеріле бастағанда, үкімет те, билік те бізбен санаса бастаған кезде, енді келіп, педагог болғысы келіп қалыпты», – деп ойын білдіреді zhasalash.kz. сайтында А. Сағидолла

Ұстаздар қауымы өздері жаңадан иеленіп, мәртебеге енді қол жеткізген тұста «педагог» статусы әркімге бір беріліп, мән-маңызын жоғалтып алудан қорқады. Ұстаздардың пікірінше, кітапханашылардың функционалдық міндеттері педагог статусына сай келмейді екен.

Алдыңғы жылы президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің отырысында Аймағамбетов мырзаның әлі күнге назарына түспей келген бір мәселенің шетін шығарған-ды. Мемлекет басшысы мектеп кітапханаларының кітап қоры ескіргенін әрі жұтаңдығын алға тартқан. «Мұқият айналысу және нақты ұсыныстар енгізу» туралы тапсырма алған министр «нақты ұсынысты» кітапханашыға мәртебе беру мәселесінен бастаған көрінеді. Бас ұстаздың емес, тағы да Тоқаевтың тапсырмасы аясында ҚР Білім және ғылым министрлігі орта білім саласында «Оқуға құштар мектеп» жобасын қолға алған еді. Мемлекет басшысы білім саласының Жол картасын дамыту бағдарламасында мектеп кітапханаларын қажетті көркем әдебиеттермен қамтамасыз етуді тапсырған. Осы мәселенің барлығы ескеріліп, заң жүзінде қолға алынған жағдайда мектептер 5 жыл ішінде 100% көркем әдебиеттермен қамтылады. Кітапханашылардың әлеуеті көтеріліп, жалақылары артады деген уәде берілді. Уәде орындалғанша қанша кітапханашы зейнетке шығып, қанша кітап сөресі бос қаларын кім білсін...

P.S.

Бұл мәселеде Аймағамбетов кітапханашы мен ұстаз арасындағы кикілжіңді өршітпей: өгізді өлтірмей, арбаны сындырмай алып шығар деген ойдамыз. Қанша дегенмен, мектеп кітапханалары туралы түйткілді ойды министр емес, өзге емес, Мемлекет басшысының өзі көтерген жоқ па?

Д.БЕРЕКЕТ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Біз қай санатқа кіреміз?

Оқу жылы басында тонналап келетін кітаптарды өзіміз тиеп, тасимыз. Ауыр болғанына қарамастан мектеп кітапханасына кіргізіп, жинақтаймыз. Зейнет жасына таяған кітапханашылар бар, кейбірі жүкті болады, енді бірі жақын арада операциядан шыққан болуы мүмкін. Оның ешбіріне қарамастан, «грузчик» секілді жұмыс атқарамыз. Кітап ауыр болғандықтан тасымалдаушы көлік қымбат сұрайды. Кітап тиеліп болғанша шопыр күтуге мәжбүр. Соның бәрін есепке алып, көп ақша талап етеді. Оның барлығын қалтамыздан төлейміз. Бізде кітапхана жағдайы жасалмаған. Сенсеңіз, тіпті кітапхана кабинеті де жоқ.

Ал, ауылдық жердегі мектеп кітапханашылары 0,5 «ставкамен» 38 мың теңге айлық алатыны рас. 2 студент баласы бар әріптесімді білемін, 38 мың теңге жалақы ештеңеге жетпейтін айтады. Мәдениет және спорт министрлігіне қарайтын кітапхана қызметкерлеріне жалақы қосылды. Біз де сұрау салғанымызда, «сендер мәдениет қызметкері санатына жатпайсыңдар» деді. Педагогтардың еңбекақысы өскенде біз тағы сұрау салдық. «Педагог санатына кірмейді» деп тағы бетімізді қайтарды. Мектептегі техникалық қызметкерлердің жалақысына ақша қосылса да, кітапханашылардыкі өзгермейді. Сонда біз қай санатқа жатамыз?, – дейді білім мекемесінің атауы мен аты-жөнін толық көрсетпеуді өтінген Д. Мадина атты кітапханашы.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БҮГІНГІ КҮН ТАҚЫРЫБЫ

COVID-19-ға қарсы вакцинациялау басталды

ЕЛІМІЗДЕ 1 АҚПАННАН COVID-19 ІНДЕТІНЕ ҚАРСЫ ЖАППАЙ ВАКЦИНА САЛУ БАСТАЛДЫ. АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ЕКІ КҮН ІШІНДЕ ЖЕТІСУДЫҢ 50 ТҰРҒЫНЫНА КОРОНАВИРУСТЫҚ ИНФЕКЦИЯҒА ҚАРСЫ ЕКПЕ САЛЫНДЫ. ВАКЦИНАЦИЯНЫ БАСТАП БЕРГЕН АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЛАРЫ БАТЫРЖАН БАЙЖҰМАНОВ ПЕН РУСТАМ АЛИ ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАЛЫҚ №1 ЕМХАНАСЫНДА КОРОНАВИРУСТЫҚ ИНФЕКЦИЯҒА ҚАРСЫ ЕКПЕ САЛДЫРДЫ.

Сонымен қатар бұл қатарды облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Арман Жансеңгіров, облыстық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Асхат Чарапиев толықтырды.

Бүгінгі таңда барлығы 1450 вакцина облыстың 3 ауданы мен 1 қаласына әкелінген. Атап айтсақ, Еңбекшіқазақ, Қарасай, Қаратал және Талдықорған қаласы. Екпе алдымен денсаулық сақтау саласының қызметкерлеріне, содан кейін ұстаздарға салынады. Өңір бойынша барлығы 29 егу кабинеті жабдықталған.

Талдықорған қаласындағы №1 емханаға вакцинациялаудың екінші күні барған әріптесіміз, облыстық «Огни Алатау» газетінің тілшісі Жанар Мықтыбаева ерікті түрде «Спутник V» екпесін ектірді.

Эпидемиолог-дәрігер Айгүл Смайлованың айтуынша, емханаға барлығы 400 мөлшерлеме (доза) әкелініпті. Тиесілі вакцина коронавирустық инфекциямен күресте бірінші орында тұрғандарға салынады. Өз сөзінде ол үш күндікте вакцина алғандардың қатары 60 пайызды құрағанын айтты.

Эпидемиолог-дәрігер сатып алынған «Спутник V» вакцинасын егудің алдында екпе жасатушының денсаулығы қатаң қадағаланатындығын да тілге тиек етті. Дене қызуы, қан қысымы, қант диабеті, жүрек сырқаты, өкпенің созылмалы кеселі, обыр, бүйрек жеткіліксіздігі, жүктілігінің жоқтығы назарға алынады.

Вакцина салдырғандар жарты сағат бойы арнайы бөлмеде бақылауда, үш күн бойына дәрігерлер қадағалауында болады.

11 мыңнан астам медицина маманы вакцина алады

Ағымдағы жылы Алматы облысына «Спутник V» вакцинасының 150 мың дозасын, нақты айтсақ, 2021 жылғы ақпанда 6 000 доза, наурызда – 9 000, сәуірден маусымға дейін, ай сайын 45 000 доза жеткізу жоспарланған.

Ақпанның 1-ші жұлдызында сағат түнгі 03-00-де барлық талапты сақтай отырып, «Медсервис Плюс «КФК» ЖШС облыстық қан орталығының сақтау қоймасына Нұр-Сұлтан қаласынан коронавирустық инфекцияға қарсы «СпутникV» 1 компонентінің 1450 дозасы жеткізілді. Бұлу туралы «Jetisy media» ақпараттық алаңында өткен баспасөз конференциясында Алматы облыстық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары А.Чарапиев пен облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Ө.Ниязбеков қысқаша баяндады.

«*Коронавирустық инфекцияға қарсы вакцинациялауға, инфекцияны жұқтыру және тарату қаупі жоғары халықтың осал топтары жатады, иммундауға жататын халықтың қалған топтары одан кейін вакцинациямен қамтылады. Бірінші болып жұқпалы аурулар ауруханаларының, жедел медициналық жәрдемнің, реанимация бөлімшелерінің, санитарлық-эпидемиологиялық бақылау қызметкерлері егіледі. Содан кейін мектептер мен университеттерде мұғалімдерді вакцинациялауға кіріседі*», – дейді облыстық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Асхат Чарапиев.

Екпе созылмалы жүрек қан тамырлары, қант диабетінің асқынған түрлері, бронх демікпесі, өкпенің созылмалы ау-руымен ауыратындарға және онкологиялық сырқаты бар жандарға, сондай-ақ жүкті келіншектерге, омырауда баласы бар аналарға салынбайды.

Облыстың бас дәрігері Өмірзақ Ниязбековтың сөзінше, өңірдегі 26 медициналық ұйымның 29 егу кабинетінде коронавирустық инфекцияға қарсы екпе жасалады. «*Бүгінгі таңда вакцинаны сақтауға арналған мұздатқыштар барлық 26 медициналық ұйымда бар. Вакцинаны тасымалдауға арналған тағы 9 мұздатқыш пен 11 белсенді термоконтейнерлер, яғни АВТО мұздатқыштар жеткізіледі деп күтілуде. Қазіргі уақытта 35 мұздатқыш және 29 белсенді термоконтейнер бар. Вакцина облыстық қан орталығының мұздатқышында сақталады. Шалғай елді мекендерде вакцинация жүргізу қажет болған жағдайда 12 жылжымалы бригаданы іске қосу жоспарлануда. Жалпы сыйымдылығы 253 литр болатын 11 термоконтейнер дайындалды*» – дейді ол.

Брифинг барысында алдағы уақытта 11 192 медицина маманы вакцина алатынын, иммундауға жататын адамдардың толық тізімі 29 егу пунктінде көрсетілгендігі туралы да айтылды.

Екі күнде 29 дәрігер вакциналанды

Иммундаудың екінші және үшінші күндері Талдықорған қаласындағы №1 емханада облыстық аурухана директоры Анарбек Монгол бастап 29 медициналық қызметкер коронавирустық инфекцияға қарсы вакциналанды.

Бас дәрігер вакцинациядан кейінгі медициналық қызметкерлердің жағдайы қалыпты екенін айтты.

«*Ережеге сай кезекші дәрігер алдымен пациенттің тиісті медициналық көрсеткіштерін түгел тексерді. Екпеден кейін болуы мүмкін әсерлер туралы түсіндірді. Вакцинадан кейін ағзада ешқандай өзгеріс сезілмеді*» – дейді облыстық аурухананың бас дәрігері А. Монгол.

Айта кетейік, коронавирусқа қарсы екпе алған әр адам 3 күн бойы учаскелік дәрігердің бақылауында болады. Яғни, онлайн бейнеқоңыраулар арқылы пациенттің жағдайы тексеріліп тұрады. Екпе алушыларға ұсынылған жадынамада алдағы үш күнде болуы мүмкін жанама әсерлер мен тыйым салынған іс-әрекеттер тізбесі жазылған.

Қазақстанда вакцинация ерікті болып табылады және егілушінің келісімімен ғана жүргізіледі. Елімізде вакцинациядан бас тартқаны үшін әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілік қарас-тырылмаған.

Жалпы Алматы облысы бойынша 11 мыңнан астам медициналық қызметкер коронавирустық инфекцияға қарсы вакцинациядан өтеді.

Журналист Жанар да екпе еккізді

Коронавирустық инфекцияға қарсы екпе егу қатарынан Алматы облысының бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері де шет қалмады. Алғашқы болып екпе еккізгендердің бірі облыстық «Огни Алатау» газетінің журналисі Жанар Мықтыбаева

Алғы шептен көрінген Жанардың сөзінше, вакцинаның жанама әсері болған жоқ. «*Менің басты мақсатым – инфекцияны жұқтырып алу қорқынышынан арылу. Әрі, бұл тәжтажалдың тезірек ел ішінен жоғалып кетіп, баяғыша қалыпты өмірге кешсек екен деймін. Сондықтан да вакцинация салғызуға шешім қабылдадым*», – дейді әріптесіміз.

Әзірге журналист дәрігерлер бақылауында. Ал, 21 күннен кейін екпе қайталап салынады.

Әріптесіміздің вакцина салдырғанына екі тәулік болды. Айтуынша, қорқатын ешнәрсе жоқ, мүмкін болса вакциналанған жөн.

P.S. Ел аймағында ресейлік «Спутник V» вакцинасы егілуде. 15 ақпаннан бастап Қарағанды фармацевтикалық кешені негізінде шығарылған Gam-COVID-Вак вакцинасы қосылмақ. Ал, екінші тоқсаннан бастап отандық QazCovid-In препаратын іске қосу көзделген.

Бетті әзірлеген С. ӘЙТЕНОВА.

Дүйсенбі - Понедельник, 8 ақпан

ҚАЗАҚСТАН

06.00 03.00 Әнұран
06.05 Д/ф «Ұлы дала дүбірі»
06.20 «Masele»
07.00 «Tansholpan»
10.00, 18.00 Т/х «Біздің әпке»
12.00 21.30 Т/х «Инелік»
13.00 «Теледәрігер »
14.00«Арта»
15.00,23.20 Т/х «Қашқыл»
16.00 «Атамекен»
16.30 «Тәуелсіздік тарлан-дары»
17.00, 20.00, 00.10 AQPARAT
17.15 «Қызық екен...»
20.35 «Ashyq alan»
22.30 Т/х «Елшінің қызы»
23.15 Т/х «Оралу»
00.35«Ahyq alan»
01.20 «Теледәрігер»
02.10 «Тәуелсіздік тарланда-ры» Д/ф
02.40 «Атамекен»

ХАБАР

06.00,02.00 Әнұран
06.00 Жұлдызды жекпе-жек
07.30 «Буба» Мульсериал
08.00, 00.00 « Өз үйім 2»
09.15,17.00 «Qalamaimyn»
10.15 23.00 Т/х «Бөлімше»
11.15«Сырты бүтін»Д/ф
12.30 Проект «За что я люблю Казахстан и казах-станцев»
13.10 Т/с «Фамильные цен-ности»
15.00 «Бүгін» Тікелей эфир
16.00 Т/х «Келінжан»
18.00 Т/х«Между небом и землей»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Баспанаға бағыт».
21.00 Итоги дня
22.00«Шашу»
01.00 «Әсем әуен»

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл» концерттік
06.30 «Күлдіреген»әзіл-ысқақ
07.00 «Союзмультфильм»
08.00,14.10 М/ф «Маша и медведь»
10.00, 22.00 Т/х «Кекеш келін»
11.30, 21.00 Т/с «Сүлеймен сұлтан»
12.30,23.10 Т/х «Ұлы әмірші Куаң Ге То»
14.00 Vine time
14.50,03.50 Т/с «Райское место»
16.20«Ханзада Жумонг»
18.00 Т/Х «Ұрланған тағдыр»
20.00,01.10 ASTANA TIMES
00.20 «Қош келдіңіз»
02.00 «Біреудің есебінен» деректі драма
02.45 «KazNet»
03.05 «Барышня-крестьянка»
04.35 «Отбасы»
05.30 «Бірегей»

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/хТракторшының махаббаты»
06.45 04.05 «Той заказ»
07.15,03.20«Ән дария »
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Жить здорово!»
12.00 «Qoslike»
18.30 02.50 «Басты жаңалықтар»
19.00 « Город влюбленных»Сериал
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВО-СТИ»
20.30 Т/с «Такая работа»
00.15 «Пусть говорят»
01.15«Московские тайны»Ночной кинотеар
02.05 «П@утина»

КТК

07.00 Әнұран
07.05 «КТК» қоржынынан»
07.30 «Мәссаған.KZ»
08.00 «ДАУ-ДАМАЙСЫЗ» (қайталау)
08.30 «ҚАЙРАН ҚАРТТАР», т/х
09.25 «Иная реальность» (повтор)
10.00 «Когда возвращается прошлое» (Х.ф)
14.00 «Спешите любить»Х/ф
16.00 «Осиное гнездо»Х/ф
18.00 «Бір кем дүние» т/х
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 Астарлы ақиқат
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.40 «Наследники»
23.30«СТАЖЕРЫ»
01.20 Астарлы ақиқат
02.05 «Той Best»

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран
07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 TV-сабақ
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.35 «Саулықтың сыры»
18.45 «Ковид шолу»
19.00 «Карантин»
19.30 «Әдебиет пен адамзат»
20.00 Д/ф «Ата – баланың қорғаны»
20.20 «Тәуелсіздік жылнама-сы»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 Д/ф «Кең ауқымда»
21.30 Итоговые новости
22.00 Телесериал «Бәрі де аннам жайлы» (87-серия)
22.35 «Әсем әуен»
23.00 Новости
23.30 Жаңалықтар
00.00 Әнұран

31 КАНАЛ

05.58 Әнұран
06.00 Ризамын
07,00 Х.ф «Красная шапоч-ка»
08.20 «Құпия махаббат»
11.00 «Ананди»сериал
13.20 «What's up?»
13.50 Т/ф «Убрать картера»
16.00 Т/с «Экстрасенсы-детективы»
17.00 М/ф «Кел татуласайық»
20.00«Информбюро»
21.00 «Невиновный» сериал
22.20 «План побега»Х.ф
00.35 Т/Ф «Мужчина по вы-зову »
01.55 «КЕЛ ТАТУЛАСАЙЫҚ»
04.00 «Ризамын»
05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00,02.20,04.30 «Айна-online»
07.15, 13.30 Т/х «Элиф»
09.00 Т/с «Перчатка авроры»
12.30,20.30 «Ерке мұң»
15.15,23.00 «Сериал ип пирогова»
16.30 01.30«Подари мне жизнь»
17. 30,00.30 Т/с «Ветреная женщина»
18.30 сериал «Неисправи-мые»
21.30,03.50«Зың-зың Күлпәш»
22.20,03.00Т/х «Жалдамалы қалыңдық»

Сейсенбі - Вторник, 9 ақпан

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 03.00 Әнұран
06.05 «Қазақ даласының құпиялары». Деректі фильм.
06.25, 17.00, 20.00, 00.05 AQPARAT
07.00 «TANSHOLPAN» . Таңғы ақпаратты-сазды бағдарлама. Тікелей эфир
10.00, 18.00 Т/хя «Біздің әпке»
12.00,21.30 Т/хя «Инелік»
13.00 «Теледәрігер» . Тікелей эфир
14.00 «Тәуелсіздік тәуекелдері»
14.40, 02.40 «Жер төресі» . Деректі фильм.
15.05, 23.20 Т/хя «Оралу»
16.00 «Жыр жүрегі соғып тұр...»
16.30 «Ауылдастар»
17.15 «Қызық екен...»
20.35 «Ashyq alan».
22.30 Т/хя «Елшінің қызы»
00.40 «Ashyq alan».
01.25 «Теледәрігер»
02.10 «Жыр жүрегі соғып тұр...»

ХАБАР

06.00, 02.00 ҚР Әнұраны
06.00, 18.15 Т/с «Между не-бом и землей»
08.00, 00.00 Т/х «Бақытыма сенемін»
09.15, 17.00 «Qalamaimyn»
10.15 Т/хя «Ауылдастар-2»
11.15 «Сырты бүтін» д/д
12.00 «Мұқағали Мақатаевтың 90 жылдағына арналған деректі фильм»
12.30, 21.30 Проект. «За что я люблю Казахстан и казахстанцев»
13.00 Т/с «Семейные об-стоятельства»
15.00 «Бүгін» Тікелей эфир
16.00 Т/х «Келінжан»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Баспанаға бағыт». Прямой эфир
21.00 Итоги дня
22.00 Т/х «Шашу»
23.00Международный турнир по ММА.Eagle FC 33.Прямая трансляция из Москвы.

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»
06.30 «Күлдіреген»
07.00 «Союзмультфильм»
08.00, 14.10 М/ф «Маша и медведь»
10.00, 22.00 Т/х «Кекеш келін»
11.30, 21.00 Т/с «Сүлеймен сұлтан»
12.30, 23.10 Т/х «Ұлы әмірші Куаң Ге То»
14.00 Vine time
14.50 03.50 Т/с «Райское место»
15.50,04.50 «Отбасы»
16.20 Т/х «Ханзада Жумонг»
18.00 Т/х «Ұрланған тағдыр»
20.00,01.10 ASTANA TIMES
20.55 Loto 5/36 Прямой эфир
00.20 ««Қош келдіңіз»»
02.00 «Біреудің есебінен» деректы драма
02.45 «KazNet»
03.05 Ұздік әзілдер
05.00 «Отбасы»
05.30 «Бірегей»

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х «Тракторшының махаббаты»
06.45, 04.05 «Той заказ»
07.15,03.20 «Ән Дария»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Жить здорово»
12.00 «На самом деле»
13.00 «Пендеміз ғой»
14.15 «112».. Тікелей эфир
14.30 «Qoslike». Тікелей эфир
18.30, 02.50 «Басты жаңалықтар»
19.00 Т/с «Город влюблен-ных»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВО-СТИ»
20.30 Т/с «Такая работа»
00.15 «Пусть говорят»
01.15 Ночной кинотеатр. «Московские тайны»
02.05 «П@УТINA»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05Кешкі жаңалықтар
07.30,03.40 «Қайран карттар»
08.20 Т/х «Қара теңіз».
09.40 «Мерекелік концерт»
10.40 «Было дело»
12.15 «Боец», остросюжет-ный детектив
14.10 «Наследники»
16.00 «За витриной»
18.00 «Бір кем дүние»
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.40 «Наследники»
23.30 Х/ф «Боец»
02.45 «Той BestStar»
04.30-05.00 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР(Қайталау)

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран
07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 TV-сабақ
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.35 «Саулықтың сыры»
18.45 «Дәрігер кеңесі» / тікелей эфир/
19.20 «Ковид шолу»
19.30 «Сегодня» /прямой эфир/
20.00 Д/ф «Мәдени қазыналар»
20.15 «Тәуелсіздік жылна-масы»
20.20 «Ковид шолу»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Арнайы репортаж»
21.30 Итоговые новости
22.00 Телесериал «Бәрі де анам жайлы» (88-серия)
22.35 «Әсем әуен»
23.00 Новости
23.30 Жаңалықтар
00.00 Әнұран

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00 Ризамын
07.00 Информбюро
08.00, 13.20 Whats up?
09.30 Т/х «Жазықсыз»
11.00 Т/с «Ананди»
13.35 Т/с «Воронины»
15.55 «Экстрасенсы-детективы»
17.00 «Кел, татуласайық»
20.00 Информбюро
21.00 Т/с «Невиновный»
22.20 Т/с «Паутина»
23.20 «Экстрасенсы-детективы»
00.25 «Кел татуласайық»
02.30 Алдараспан,Нысана,Шаншар әзілдері
04.00 Ризамын
05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00,02.30, 04.30 «Айна-online»
07.15,13.30 Т/с «Элиф»
09.00 «Смеяться разреша-ется»
10.30, 18.00 «Неисправи-мые»
12.30, 20.30 «Ерке мұң»
15.15,23.15 «Q-ЕЛІ»
15.30,23.30 Т/с «ИП ПИРО-ГОВА»
16.30,01.30 Т/с «Исправлен-ному верить»
17.30, 00.30 Т/с «Ветреная женщина»
21.30, 03.50 Т/х «Зың-зың Күлпәш»
22.20, 03.00 «Жалдамалы қалыңдық»

Сәрсенбі - Среда, 10 ақпан

ҚАЗАҚСТАН

06.00,03.10 Әнұран
06.05 «Қазақ даласының құпиялары.» Деректі фильм
06.25, 17.00, 20.00, 00.05 AQPARAT
07.00 «Tansholpan» Тікелей эфир
10.00, 18.00 Т/х «БІЗДІҢ ӘПКЕ»
12.00, 21.30 Т/х «ИНЕЛІК»
13.00 «ТЕЛЕДӘРІГЕР». Тікелей эфир
14.00 «Жарқын жүздесу». Ток-шоу
15.00, 23.20 Т/х «Оралу».
16.00 «Тұлға»
16.30,02.45 «Ауылдастар»
17.15 «Қызық екен»
20.35 «ASHYQ ALAN». Тікелей эфир
22.30 Т/х «Елшінің қызы»
00.40 «ASHYQ ALAN».
01.25 «ТЕЛЕДӘРІГЕР».
02.15 «Тұлға»

ХАБАР

06.00,02.00 ҚР Әнұраны
06.00,18.15 Т/с «Между небом и землей»
08.00 Д/ф «Дала,сенің ұлыңмын»
09.15,17.00 «Qalamaimyn»
10.15,23.00 Т/х «Ауылда-стар-2»
11,15 «Сырты бүтін» деректі драмасы
12.00 Бір туынды тарихи «Қарағым-ай»
12.30, 21.30 Проект. «За что я люблю Казахстан и казахстанцев»
13.00 Т/с «Семейные обстоятельства»
15.00 «Бүгін». Тікелей эфир
16.00 Т/х «Келінжан»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Баспанаға бағыт».
21.00 Итоги дня
22.00 Т/х «Қария»
01.00 «Әсем әуен»

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»
06.30 «Күлдіреген»
07.00 «Союзмультфильм»
08.00, 14.10 М/ф «Маша и медведь»
10.00, 22.00 Т/х «Кекеш келін»
11.30, 21.00 Т/с «Сүлеймен сұлтан»
12.30, 23.10 Т/х «Ұлы әмірші Куаң Ге То»
14.00 Vine time
14.50, 03.50 Т/с «РАЙ-СКОЕ МЕСТО»
15.50, 04.35 «Отбасы»
16.20 Т/х «ХАНЗАДА ЖУ-МОНГ»
18.00 Т/х «Ұрланған тағдыр»
20.00, 01.10 ASTANA TIMES
20.55 LOTO 6/49
00.20 «Қош келдіңіз»
02.00 «Біреудің есебінен» деректі драма
02.45 «KazNet»
03.05 «Ұздік әзілдер»
05.30 «Бірегей»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Тракторшының махаббаты» т/х
06.45,04.05 «Той заказ»
07.15,03.20 «Ән дария
08.00 «Доброе утро»
11.00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО!»
12.00 «На самом деле»
13.00 «Пендеміз ғой»
14.15 «112»
14.30 «Qoslike»
18.30.02.50 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19.00 Т/с «Город влюблен-ных»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВО-СТИ»
20.30 Т/с «Такая работа»
00.15 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ»
01.15 Ночной кинотеатр. «Московские тайны»
02.05 «П@УТINA»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05,04.50-05.20 Кешкі жаңалықтар (қайталау)
07.30 «ҚАЙРАН ҚАРТТАР» Т/х
08.20 ,03.40Т/х «ҚАРА ТЕҢІЗ»
09.40 «Мерекелік концерт»
10.40 «Было дело»
12.15 Х/ф «Боец».
14.00,21.40 Х/ф «Наслед-ники»
16.00,01.15 Х/ф «За витри-ной»
18.00 Т/х «БІР КЕМ ДҮНИЕ»
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВО-СТИ
23.30 «Боец».Остросюжет-ный детектив
02.00 «Астарлы ақиқат»
02.45«ТОЙ BESTSTAR»

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран
07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 TV-сабақ
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.35 «Саулықтың сыры»
18.45 «Дәрігер кеңесі» / тікелей эфир/
19.20 «Ковид шолу»
19.30 «Бүгін» /тікелей эфир/
20.00 Д/ф «Мәдени қазыналар»
20.15 «Жұмыспен қамту жол картасы»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 Д/ф «Кең ауқымда»
21.30 Итоговые новости
22.00 Телесериал «Бәрі де аннам жайлы» (89-серия)
22.35 «Әсем әуен»
23.00 Новости
23.30 Жаңалықтар
00.00 Әнұран

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00 Ризамын (каз)
06.55 Информбюро
07.55, 22.20 Т/с «ПАУТИНА»
09.00,13.20 «What's up?» қаз
09.30 Т/с «ЖАЗЫҚСЫЗ»
11.00 Т/с «АНАНДИ»
13.35 Т/с «ВОРОНИНЫ»
15.55 «Экстрасенсы-детективы»
17.00 «Кел, татуласайық»
20.00 Информбюро
21.00 Т/с «Невиновный»
23.25 «Экстрасенсы-детективы»
00.25 «Кел, татуласайық» (повтор)
02.30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
04.30 Ризамын
05.00 Әзіл студио (каз)

7 КАНАЛ

06.00, 02.30, 04.30 «Айна-online»
07.15, 13.30 Т/х «Элиф»
09.00 «Смеяться разреша-ется»
10.30, 18.30 Т/с «Неиспра-вимые»
12.30, 20.30 Т/х «ЕРКЕ МҰҢ»
15.15,23.15 Скетчком «Q-ЕЛІ»
15.30,23.30 Т/с «ИП ПИРО-ГОВА»
16.30, 01.30 Т/с «ПОДАРИ МНЕ ЖИЗНЬ»
17.30,00.30 Т/с «ВЕТРЕНАЯ ЖЕНЩИНА»
21.30, 03.50 Т/х «ЗЫҢ-ЗЫҢ КҮЛПӘШ»
22.20, 03.00 Т/с «Жалдама-лы қалыңдық»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ҚЫЛМЫС

ӨТКЕН ЖЫЛДА 160 АВТКӨЛІК ҰРЛАНДЫ



ТӘУЕЛСІЗДІК АЛҒАН ОТЫЗ ЖЫЛДЫҢ ІШІНДЕ ҚОҒАМДА АЛУАН ТҮРЛІ ҚЫЛМЫСТАР БЕЛЕҢ АЛДЫ. БІР КЕЗДЕРІ ТЕК КИНОЛАРДАН ҒАНА КӨРЕТІН БАНКТЕРДІ ТОНАУ, ҚАРАҚШЫЛЫҚ ЖАСАУ, КИЛЛЕР ЖАЛДАП АДАМ ӨЛТІРУ, ӘЛІМЖЕТТІК КӨРСЕТІП, КӘСІПКЕРДІҢ БИЗНЕСІН ТАРТЫП АЛУ СИЯҚТЫ ІРІ ҚЫЛМЫСТАР ҚАМЫСҚА ТИГЕН ӨРТТЕЙ ҚАУЛАҒАН КЕЗДЕРІ ДЕ БОЛҒАН. МҰНЫҢ СЫРТЫНДА ДІННІҢ АТЫН ЖАМЫЛЫП, ЭКСТРЕМИЗМ ЖОЛЫМЕН ҚОЛДАРЫН ҚАНҒА БОЯҒАН ҚАНШАМА ҚЫЛМЫСКЕР ЖАУАПҚА ТЫРТЫЛДЫ. ОЛАР ТЕК ӨЗДЕРІНІҢ ҚАРАҚАН БАСТАРЫН ҒАНА ҚЫЛМЫСҚА ИТЕРІП ҚОЙМАЙ, ЖАН-ЖАҒЫН АЗҒЫРЫП, ӘЙЕЛ, БАЛА-ШАҒАСЫН СИРИЯ АСЫРЫП КЕТКЕНДЕРІ ҚАНШАМА? ЖАЛПЫ ҚЫЛМЫСТЫҢ ІРІ-ҰСАҒЫ БОЛМАЙДЫ. БҮГІНГІ ҚОҒАМНЫҢ, МЕМЛЕКЕТТІК ЭКОНОМИКАНЫҢ ДАМУЫНА КЕРЕҒАР ІС ЖАСАЙТЫН, ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН ШАТЫЛҒАН ШЕНДІЛЕРДІҢ ҚЫЛМЫСТАРЫ ТОҚТАМАЙ ТҰР.

Бұдан бөлек «Аңқау елге арамза молда жолығады» демекші, түрлі пирамидалар құрып, салымшыларды қатарына тартқан алаяқтардың да айы оңынан туып тұр. Ерте ме, кеш пе қылмыстары әшкереленеді. Қақпан қапқандары темір торға тоғытылғанымен, алданып-арбалып қалған салымшылар миллиондаған ақшасын қайтарып ала алмай, сот пен прокуратураның табалдырығын тоздыруда. Біздің мақаламызға тұздық болып тұрған тағы бір қылмыс бұл – ұрлық.

Бөтеннің дүние-мүлкіне көз алартқандар «аурдың үстімен, жеңілдің астымен жүріп», оңай олжаға кенелгісі келеді. Өрістегі малды табындап, үйірлеп, қордағыны қолтықтарына қыса кететін ұрыларды, пәтер мен жеке тұрғын үйлерді тонайтындарды құрықтау оңайға соқпайтынын полиция қызметкерлерінің өздері айтуда. «Ауыр қылмыстар тез ашылады. Ал, ұрлық мәселесі ұзақ жылдарға созылады. Тіпті, қылмыстық істердің қысқарып қалатын кездері болады», – дейді. Әлгі құлығына құрық бойламайтын әккі ұрылар «құйрығымен ізін жасырған түлкідей» ұстатпай да кетеді екен. Мұндайды қазақ, «Дәниккен қарсақ құлағымен ін қазады» деп тәмсілдейді. Осы ұрлықтардың бірі де, бірегейі көлік ұрлау қылмыстары бұрыңғы ТМД елдерінде кеңінен белең алған. Жақында Ішкі Істер Министрі Ерлан Тұрғымбаев Парламент мәжілісінде көлік саласындағы алаяқтық қылмыстар туралы депутаттар сауалына жауап берді. Министрдің айтуынша, Қазақстанда 15 жылда 40 303 автокөлік ұрланған. Аз ба, көп пе, оқырман қауым, өздеріңіз пайымдар беріңіз. Осы көліктердің тек 66-сы елге қайтарылыпты. Қалған ұрланған көліктер ізім-қайым жоқ. Ұрланған көліктердің алдына 15 жыл болса, демек олардың табылуы да екіталай. Мақаланың басында ұрлықтың ашылуы ұзақ жылдарға созылады деген полиция өкілінің сөзі шындыққа ұласқандай. Мәжілісте талқыланған көлік алаяқтарының схемасын жою мәселесі жөніндегі жалпы жиында депутат Гүлнәр Бижанова ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаевтан көліктің VIN-кодын заңсыз алып басқа көлікке қойып сататын алаяқтармен қалай күресіп жатқандарын сұрады. Депутат сауалына жауап берген министр «Көлік саласындағы алаяқтар арасында алты шанақ сериялық нөмері бойынша көліктің «егізі» деген схема кең таралған. Қылымыстық жолмен жаңа көліктің VIN-коды алынып, тура сондай түстегі, маркасы бірдей ұрланған көліктерге қойылып, сатылады», – деді. Тіпті мұндай көліктер Еуразиялық нарықта да сатылатынын айтты. Сұғанақ қолды ұрылар, көздеген көліктерінің түр-түсіне дейін талғап, олардың кодтарын көліктің дәлме-дәл түсіне дейін екшеуі ұйымдасқан қылмыс екені айтпаса да түсінікті. Өйткені, схема бойынша қылмысқа баратындар әрбір қылмысын жоспарлы түрде іске асырады. Менің бір жақын араласатын әрі туысым әрі бизнесмен бауырым бар. Осыдан 10 шақты жыл бұрын «джип» автокөлігімен Алматыға тойға барып, түнде кері қайтуға ерініп, қаланың шыға берісіндегі қонақ үйлердің біріне қонады. Автокөліктің дабыл қаққышы іске қосылып тұрған соң, портфеліндегі қомақты ақшасын да машинада қалдырып кеткен ғой. Ереңгісін ерте тұрып жол жүрмек болғанда көліктің ұрланғанын біледі. Әлгі ұрылар сол бойы ұсталмады, көліктегі қомақты қаражат та ұшты-күйлі жоқ болды. Адал маңдай терімен тапқан дүниесі мен қаражаты ұрылардың уысында кетті. Тіпті, шетелдік көліктердің кілiті мен VIN-кодын қылмыстық жолмен айырбастап жүрген қылмыскерлердің қаншасы Қазақстанда ұсталғанын министр мырза айтпайды. Ал, Еуразиялық нарыққа дейін шығарып жүрген ұрылардың ұзын саны қанша екенін бір Құдай ғана біледі. Мәселен, Алматы облысында 2019 жылы 249 көлік ұрланып, оның 179-ы иелеріне қайтарылса, 2020 жылы 160 көлік ұрланып, 119-ы табылыпты. Автокөліктерге қырғидай тиіп жүрген ұрылар тек қана көліктерді айдап кетіп жүрген жоқ, олар қымбат көліктердің айналарын, дөңгелектерін, аккумуляторларын шешіп әкетіп, базарларға саудалап жүрген жерлерінен ұсталғандар да бар. Мұны құны қымбат ірі көліктерді айдап әкетіп сатып жүрген ұрылардың қасында ұсақ ұрлық деп еспептеуге болады. 2018 жылы мәнерлеп сырғанаудың хас шебері, қазақстандық спрортшы Денис Теннің автокөлігінің айнасын ұрлап жатқан ұрылардың үстінен түскен спортшыны өлтіріп кеткенін әлем жұрты естіді. Бір ғана Алматы облысындағы авткөліктердің екі жылда ұрланған көрсеткішіне көз сүзсек жылына 160, 200-ден астам көліктердің ұрланғанына қарап Қазақстанда жылына қанша көлік сұғанақтардың қолымен шетел асып, саудаланып кететінін есептеуге экономистің қажеті жоқ. Бұл арада полиция қылмыспен күреспей жатыр деген пікір тумауы керек. Әккі ұрылардың топтасып жасаған схемасын бұзу да оңай емес. Ол тек қана Қазақстанның территориясында болып тұрған жоқ. Кешегі Кеңестік одақтың айналасында болып тұр. Шекарамыз іргелес болғандықтан әрі кедендік одақта болғанымыз көлік ұрыларының пайдасына шешіліп тұр. Себеп, ұрланған көліктердің түр-түсіне дейін таңдалып, олардың VIN-кодын заңсыз алмастырып жүргендер ұрлаған олжаларын шетел асыруда. Міне, осы қылмыстардың жолын кесу бағытында Қазақстан қандай шараларды жүзеге асырып жатқанын, және мемлекетаралық механизімдерге қатысты депутат сауалына жауап берген Ерлан Тұрғымбаев: *«Мұндай жолмен көлік сату кең таралған. Бізде бұл мәселеге қатысты 1993 жылы қабылданған «Минск конвенциясы» бар. Сондай-ақ, әлеуметтендірілген қылмыспен күресу үшін бірқатар келісім жасалған. Ол жерде құқық қорғау органдары арасында ақпарат алмасу керек деп нақты көрсетілген. VIN-кодқа келсек, басқа елде тура сондай көлік: түсі, маркасы, қозғалтқышы бірдей қылып таңдап алып, VIN-коды енгізіледі. Мұндай алаяқтық схемасы ТМД елдерінде кеңінен таралған. Бізде Мемлекеттік органдар арасында интеграцияланған деректер базасы бар. Бірде-бір көлік Қазақстан территориясына кіргеннен кейін құқық қорғау органдарынның назарына түспей қалуы мүмкін емес. Себебі кеден органы тіркегеннен кейін біз оны көреміз, егер VIN-код деректер базасында көлік тіркелген болса, көзімізден таса қылмаймыз. Яғни, ол әлі елге кіру үшін кеден рәсімдерінен өтпей жатып, оған арест қойылады. Содан кейін бұл көліктің Қазақстан территориясына қалай кіргенін анықтаймыз*, – деді.

Көліктерді жымқыруға қатысты мәжіліс төрғасы Нұрлан Нығматуллин: *«Ұрланған 40 000-нан астам көліктердің жеке ақпаратын кім сатып жіберді, алдымен соны анықтаңыз. Бұл құйтырқы әрекеттің артында пагон таққанқардың да қатысы болуы мүмкін. Азаматтар көлігім ұрланды деп көз жасын көл қылып полицияға шағымданады. Ал, ұрланған көліктерді сыртқа шығарып жіберуге мүмкіндік жасайтын не деген жыртық-тесік жүйе біздегі?* – деп күйінді. «2005 жылғы 25 қарашадағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің автокөлікті ұрлауға қатысты күрестегі және оларды қайтаруды қамтамасыз етудегі ынтымақтастығы туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау тауралы» Қазастан Республикасы Заңының жобасын талқылау кезінде ұры-қарылардың автокөліктерге де бүйедей тиіп жатқаны әшкереленді. Қылмыстық істің артында Мәжіліс Төрағасы айтқандай ықпалды күшердің тұрғаны айдан анық. Мүмкін мұнда шекаралық кеден қызметкерлерінің қатысы болуы бек мүмкін. Әйтпесе, мың жерден әккі ұры, болса да тамыр-таныссыз көліктерді шетел асырып жібере алмайтыны айдан анық. Ұрылар да қоғамдағы сұранысқа қарай әрекет етуде. Енді бірі көліктерді ұрлап құрал-саймандарын бөлшектеп саудаласа, шырмауықтай бір-бірімен шырмағандары бөтеннің дүне-мүлкін емін-еркін ұрлап шетел асырып жүр. «Ұрының құйрығы бір-ақ тұтам» деген мақал қазір жүзеге аспай қалды. Керісінше, ұрының құйрығы ұзын арқан, кең тұсау болып тұр.

Айтақын МҰХАМАДИ

Суреттер ғаламтордан алынды.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

КЕЛБЕТ

Аманатқа адалдық

АБАЙ ХӘКІМ АЙТҚАН ТОЛЫҚ АДАМ ТАЛАБЫНАН КӨРІНЕ БІЛГЕН АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ЖӘНЕ АҚСУ, КӨКСУ, ҚАРАТАЛ АУДАНДАРЫНЫҢ ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТЫ «ОЙНАМА БАЛАМ, ОЙЛАНҒЫН» АТТЫ ЕКІ ТОМДЫҚ ЭССЕНІҢ, «ӘДЕПТІЛІК ӘКЕДЕН», «ШҰБАР АТ», «ТАҒЗЫМ», «ТӨТТІБАЙ МЕРГЕН», «НОҚТА АҒАСЫ», « МЕН ҚАЗАҚПЫН» АТЫ КІТАПТАРДЫҢ АВТОРЫ, «ҮШ БӘЙТЕРЕК», «АРМЫСЫҢ, ӘЗ-БАБА», «НҰРМОЛДА», «ЖҰЛДЫЗДЫ ЖІГІТ» КІТАПТАРЫН ҚҰРАСТЫРУШЫ, РЕСПУБЛИКАЛЫҚ «ШЫҢҒЫСХАН» ЖУРНАЛЫНЫҢ ҚҰРЫЛТАЙШЫСЫ ӘРІ «ҰРАН» ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ, «ҮШ БӘЙТЕРЕК», «БАТЫРЖАН» ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫНЫҢ КЕҢЕСШІСІ, АБЫЗ АҒА НАУРЫЗ ҚЫЛЫШБАЕВ БІРТУАР АЗАМАТ.

ТАЛАП

Н. Қылышбаевтың талап туралы ой-толғауына зер салайық.

– Біздің әкеміз Қылышбай Молжігітұлы 1950 жылы қадақ ауруынан қайтыс болды. Әкеміздің шешеміз Нұрила Аққұлқызымен қоштасарда айтқан соңғы сөзі:

– Шебер деген атым бар еді. Төрт колхоз бірігіп жатқанда ең болмаса бір жыл ұста болмадым-ау!

– Балаларыңның жағдайын неге ойламайсың? – деген шешеме сәл жымиып:

–Дұрыс тәрбиелесең елдің баласы

атанады, ағаттық жіберсең сенің балаң болады. Таңдау өзіңдікі депті, – ұста Қылышбай. (*Н.Қылышбаев. Әлемнің жарығын сыйладың сен маған. 390 бет*.) Нұрила ананың өлшеусіз еңбегі Наурыз Қылышбайұлын елдің баласы деңгейіне көтергені бәрімізге аян. Ал, ананың үкілі үмітін ақтау жолында Наурыз Қылышбаев ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрегімен еңбек етіп талап биігіне көтерілді. Алғашқы билік табалдырығын аттағанда Нұрила анасы:

–Балам билік деген атына сай киелі ұғым, мәртебелі дүние. Қиынның қиыны – қарапайым болу. Қарапайым болсаң, адал да әділ боласың. Ондай адам қараға да, ханға да жағады.Осыны ұмытушы болма, – дейді.

–Ұқтым, апа, – деймін...

– Бері қара, – деді.

Алақаны толы ұсатылған шыны. Мұнысы несі деп тесіле қараймын.

– Алақаныңды жайып жіберсең – мынаның бәрі шашылады, жартылай жұмылдырсаң алақаның да аман, уысыңдағы да түгел сақталады.

Бұл өрелі сөз басшылық қызметтің қай сатысында болса да Наурыз Қылышбаевтың елді ұйыта ұйымдастырып, бірлікте ұстауына темірқазық болды. Қашанда көз алдында анасының шыны толы уысы тұрарын сезген куәгерлерінің бірімін. «*Шешемнің баспалдақ туралы айтқанын да ұмыта алмаймын. Шешем баспалдақтардың таза, құрғақ сақталуын талап етіп отыратын. Баспалдаққа мал қиы, батпақ жабысса үстерің былғанады, қар, не жаңбыр суынан кейін мұз шалса, тайып жығылып мерт боласыңдар, дегені көңілге қонымды болғанымен, төменнен жоғары шыққан сайын алған әсеріңді өткен жылдармен бағамдау қажеттігін ол кезде түсінбеппіз. Енді ойласам, тарихтың дамуы да төбеге шығатын баспалдақтың сатысына ұқсай ма деймін. Оның тереңде жатқан тамыр лүпілін дөп басып, ақ-қарасын мұқият сараптап қажетіне жарата білуді әдептілік демей не деймиз*» деп жазады Наурыз аға. (*Әдептілік әкеден. 259-бет*).

«*Мүмкін мен анамның тарыдай жақсылығын таудай етіп, тым мақтанып отырғандай көрінермін. Бірақ осы мақтанышымның түп-тамырында перзенттік сүйіспешілігім жатыр емес пе*?» деп толғануы анасының бесік жырымен санасына, жүрегіне ұялатқан ұстанымы Наурыз Қылышбайұлының өмірлік мұраты екендігін паш етеді.

«Қай ауданда жүрмейік, қай деңгейде қызмет атқармайық Жеңіс екеуміз асыл анамыздың осындай әңгімелерін естен шығармай, аманаттарына қиянат жасаған емеспіз». (*Н. Қылышбаев.Әлемнің жарығын сыйладың сен маған. 391 бет.*)

Жоғарғы оқу орнында білім алудағы басты мұраты біліммен сусындаумен қатар, рухани деңгейі асқақ Алматының мүмкіншілігін шамасы келгенінше өз қажетіне толық пайдаланып қалу болады, оның жемісін еңбекке араласқанда пайдалана, іске асыра білді де. Ана талабы орындалды.

Анашым!
Асыл анам, есіл анам,
Елжіреп есіркеймін, есіме алам,
Мен үшін сен суалтқан ақ сүтіңді,
Ақтамасам, боп жүрмін несіне адам.

Ақиық ақын Мұқағалидың осы бір жыр жолы Наурыз ағаның анаға деген биік махаббатымен үндес-ақ.

ЕҢБЕК

Н. Қылышбаев мемлекеттік қызметкер деңгейіне көтерілгенше еңбектің біраз сатысынан өткен жан. Мектеп қабырғасында оқып жүргенде-ақ үлкендерге ілесіп Ұмтыл ауылынан асып, Сарыесік құмынан сексеуіл әкелетін ол мектепті бітірісімен ұжымның шаруашылық ісі меңгерушісі Тен Алексей Романович пен автомеханик Шиль Иосиф Федоровичтің қарамағында электрстансыда моторист, токарь, ағаш ұстасы, күзетші болып еңбек жолынан өткен. Комсомол хатшысы, Таңатар Иманғалиев жаттықтырған «Жаңаталап» ауылы футбол командасының бас қақпашысы сынды қоғамдық істермен шыңдалып өскен жан.

Қаратал, Андреев, Ақсу, Көксу аудандандарында аудандық партия комитетінің хатшысы, аудандық атқару комитетінің басшысы, аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, аудан әкімі қызметтерін жемісті басқарған білікті басшы.

Ғибратты ғұмыры көкжиегіне көз салғанда екі жағдайды аңғарар едік. Бірі – үнемі өсу, жетілу, кемелдену. Біреулердің бағы жанады, біреулердің бабы жанады десек, бағы да, бабы да жанған Наурыз Қылышбаевтың басты мақсаты әкім болу емес – азамат болу. Даурықпаған, ешкімнен қаймықпаған, даңғойлыққа салынып көрген жан емес.

Өмір жолында шыңдалып өскен Наурыз Қылышбаев егемендігіміздің ауыр жылдарында Көксу ауданын басқарды. Ұлы көштің алдыңғы сапында болды. Салт-дәстүрімізді, тілімізді, дінімізді құрметтеген білімді де білікті әкім. Оның дәлелі алғашқы болып қазақ тілін дамытуға атсалысып, мешіт салдырды. Жалайыр бабамызды, Ескелді, Балпық, Қабан жырау, Жолбарыс, Орақты, Қарынбайдай ұлыларды ұрпақтарымен қауыштырудағы еңбегі мол.

Басқа өңірлерде электр жарығы мардымсыз болса, ауданда электр жарығы қажеттілікті толық қанағаттандырып отырды, оның жолын білгірлікпен тапты. Бабалар мерейтойларының негізгі шығынын облыстық бюджетке салмақ түсірмей, ауданның ішкі мүмкіндігімен шешуі ұтымды ұйымдастыра білуінде. Көпбалалы аналардың жәрдемақысы, зейнеткерлердің зейнетақыларының уақытылы берілуі, елдің келешекке деген сенімін арттырды. Абай: «Өзің үшін еңбек қылсаң, өзің үшін оттаған хайуандайсың» демеп пе еді? Наурыз Қылышбаев елі үшін еңбек еткен білікті көшбасшы.

Кез келген мәселені шешуде өз түйсігіне сүйеніп, өзіндік сүрлеу табатын, қоғамға азаматтық позициясын айқын аңғарта алатын Наурыз ағаны қатарлары да, жастар да үлгі тұтты. Елге, қоғамға сіңірген еңбегін бұлдамай, жарнамаламай, кеуде соғып, төс қақпай сүбелі сөзін ақиқатпен суарған, құйқалы пікірі ұлт қамына ұласқан жанмен қызметтес болғаным маған Алланың берген бағы болар.

Наурыз Қылышбаев – тұғырлы тұлға. Ол шынымен де дәуір адамы, айналасын нұрландырып жүреді. Ол – жаның жабырқап, жай таба алмағанда, шарқ ұрып әлденені іздегенде, санадағы сан сауалға жауап таба алмай сансырағанда ақылшың болар абызың. Бір іске тәуекел етіп қияға қол созғанда қолтығыңнан демеп жүрер қамқоршың. Әр істе сабырлы ақылға жүгіндіріп, кем-кетігіңді толтырып, ой-өрісіңді кеңейтер жанашырың.

Басшыны сыйлау – мәдениеттіліктің белгісі. Басшы айтқан сөз бұрыс болса да бас шұлғу парасаттылықтың белгісі емес екенін, ақиқаттан биік ешнәрсе жоқ екенін бізге үйреткен, ар-намысқа ұйытқан Н. Қылышбаевтың рухани жетілген, жан-жақты тұлға екендігінде дау жоқ. «Екі жаман таласса кір шығады, екі жақсы таласса сыр шығады» дегендей, пікірталаста жеңсем деген оймен емес, турасын тауып, ақиқатты арашалап қалсам деп шыр-пыр күйге түседі. Елдің бәрі мендей ойлауға, мендей болуға тиіс, деген саяз ойдан ада жан.

– *Өмір жолда талмай іздену, іс-амалда әділдікті алғы шепке шығару керек, бәрін біліп алдым деген адам жаңылады, ақиқатқа жету бір нүктеге тірелу емес, заңға тірелу*, – дейді Наурыз Қылышбаев.

ТЕРЕҢ ОЙ

Наурыз Қылышбаев байлыққа қызықпаған, Алланың нәсібін қанағат тұтқан жан. Рухани байлығы бір басына жетерлік. Қаламгерлікке ден қою сыры да осында. Бар ықыласымен бабаларды ұрпағымен кеңестіру үшін жүрек түбіндегі шынайы дүниесін халқына хал-қадірінше жеткізуге тырысты. Наурыз Қылышбаевтың шығармаларын зерделеп санаға сіңіріп, жүрекке тоқып оқысаңыз тәуелсіз сана орнығып, рухани жаңғырасыз, кемелденесіз. Шығармаларындағы берік ұстанымдар мемлекеттік қағидалармен үндесіп жатады.

«*Мен тарихшы емеспін.Тарихты білгім келеді. Қыр-сырын түсініп, мәнін ұғуға тырысамын. Ақ-қарасын айырсам деп талпынамын. Жазушы емеспін. Оқырманмын. Жәй оқырман емес, екі тілді меңгерген оқырманмын. Кітапты қопарып жүре бермей, астын сыза оқып, ой тоқтатып, оқығанымды сараптап, түйін түюге жастайымнан әуеспін. Соның арқасында өз көзқарасым қалыптасты. Ұстанымым анықталды. Не айтсам да, байыптап айтқанды жөн санаймын. Ептеп жазуға құмармын. Кішігірім*

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

КЕЛБЕТ

естеліктерімде пікірімді ашық білдіруді жөн деп есептедім. Шындық, адалдық, әділдік аясында. Қиын екен. Болса болсын. Тәуекел!» (Тағзым. 6 бет.) Міне, кітап жазудағы нар ағаның басты мақсаты. Нағыз қара терін сығып, он толғанып, сан сарылып жүрген ізденгіш азаматтың жүрек назы осындай.

«*Кезінде үш коммунистің пікірі (отзыв) негізінде мінездеме жазушы едік. Жазғанымның өтірігі болмайтын. Мақтауын асырып жіберсең күдік тудырасың, кемшілігі басым болса қызметке өткізе алмай беделіңнен айрыласың. Өскен ортасында ысылған білімді маман, іскер азаматтарға кепілдік беріп қызметке тарттық. Олардың көбі майталман басшы қатарына қосылды. Басшысы қосшысын сыйлап, қосшысы басшысын ардақтаған заманның адамдарын еңбекші деп атадық, солай деп жаздық та. Халықтың қамын ойлап, жоғын жоқтағандары ардагер атанып, зиялы қауым қатарына қосылды. Елдің сый-құрметіне бөленді. Неге мадақтап жазбасқа. Жаздым. Әлі де жазамын. Әділет тұрғысынан. Шындық аясында.*» (Тағзым.220 бет).

Ағамыздың қызмет бабында жүргенде-ақ жазуға ысылғаны көрініп тұр емес пе?!

Тарих сырына үңілу ісінің қызығын да, шыжығын да, азабын да, жаңға қуаныш сыйлайтын ғажабын да қатар бастан кешіріп жүрген жанның жан дүниесіне үңіліп көріңіз. Қазақтың басынан өткен ғасырлар қатпарындағы қым-қиғаш тарихты қопару, зерттеу, зерделеу оңай еңбек емес. Бәрі де көз майын тауыса ізденумен, құштарлықпен келеді. Қазақ тарихының қара орманына жетелеп кіргізіп жібереді бір сиқыр. Ата-баба, ел мен жер тарихының бұрын беймәлім қазына – деректеріне, сыр сандығына құлшына ене берген келеді. Алтын көмбелі, рухынды асқақтатар Шыңғыс хан, Жолбарыс, Ескелді, Балпық, Қабылисадай әулиелер, Тәттібай мерген, Оспан болыс, Тіленші қазы, Қарынбай би, Назар би, Орақты батыр, Нұрмолда, Батыржан, Зылиха тағы да басқа да ардақтыларымыз туралы көптеген белгісіз жайлардың бетін ашып берді, оқыған сайын кемелдене түсесің. Жиған-терген, жазған еңбектеріне бір мақала көлемінде түгелдей шолу жасау мүмкін емес, әрі оны мақсат тұтпадық. М. Әуезов: «Абай мұхит болса, мен оның тамшысын ғана жаздым» деген екен. Халқымыз: «Теңіз дәмі – тамшыдан» дейді.

ҚАНАҒАТ

Арабтың бір бай адамы «*Мен өз балаларыма материалдық байлығымды, не болмаса бизнесімді тастап кетемін деп еш уақытта айтқан емеспін, еш уақытта айтпаймын да. Мен артымда жаманат қалдырмауға барымды саламын. Балаларым өз әкесі туралы, бұлардың әкесі лас, дүниеқоңыз, арзан адам еді, деген сөзді естімесе екен деп тілеу тілеймін*», – деген екен. Наурыз Қылышбайұлының басшылық қызметте жүргенде небір ғимараттарды, құйқалы жерді жекешелендіріп алуына мүмкіндігі мол болғаны шындық. Табиғаты таза адамның ар-ұяттан аттап кетпесін ісімен көрсетті. Барын қанағат тұтты. Осындай мәселелер төңірегінде ой қозғалған кезінде: «тыныш жүрсең тыныш ұйықтайсың, қанағатшыл бол» деп әрі қысқа, әрі нұсқа берер жауабы әлі есімнен кетер емес.

ТҮЙІН: **1941 жылы борандатқан ақпанда өмірге келіп, Наурыз мерекесін асыға күткен ауылдастардың ақ тілегі ескеріліп Наурыз атанған ағамыз осы жылдың 10 ақпанында 80 жастың сеңгіріне көтерілгелі отыр. Француз ойшылы Жан-Жак Русса: «Ақылды болу бір басқа, ақылды көріну бір басқа. Ақылды болу ой мен сананың, таным мен талғамның, иман мен жиғанның жемісі, ал ақылды көріну адамның сыртқы әлеммен байланысына байланысты деген» екен. Айшықты айтылыпты. Наурыз Қылышбайұлының әлемі, келбеті тура осы бір мақпал беткейде көмкеріліп тұр.**

Сайлаубай БӘЗІЛҰЛЫ,
Көксу ауданының Құрметті азаматы,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Қаз ССР білім беру ісінің үздігі.

Наурыз ағамыз елге әйгілі өз төрінен төмендемей, сыны мен сыйын қашырмай, ақиқатты ту көтере сексеннің сеңгіріне көтеріліп отырған Қылышбаев Наурыз ағамыз жайлы болмақ.

АБЫРОЙ...

Кейіпкеріміз 1941 жылдың ақпанында дүниеге келген. Ол кезең қазақ халқы үшін нәубет жылдары болғаны тарихтан аян. Неміс басқыншыларының соғысы тұтқылдан бастауы онсызда қалжырап тұрған елге оңай тимегені белгілі. Қару ұстауға жарамдылардың бәрі ел қорғауға аттанды. Ауыл балалары қабырғасы қатпай еңбекке араласты. Қатарластарымен көрген ауыртпалықтар әрқайсысын жастайынан шыңдалуына, алғырт болуына үлкен әсер етті, ерте есейтті. Мектеп бітірді, албырт сезім жетегінде Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтын таңдады. Оқуды жақсы тәмамдап, өзі өскен ауылға мамандығы бойынша қызметке орналасты. Малшы қауымның ризашылығына бөленді. Басшылар албырт жігіттің ұйымдастырушылық қабілетін, ісіне беріктігін, алғырлығын байқап Қаратал аудандық комсомол ұйымына хатшылық жұмысқа тартты, кейін Талдықорған облыстық жастар ұйымына хатшы қызметіне сайланды. «Көре-көре көсем боласың, сөйлей-сөйлей шешен боласың» дегендей, Наурыз ағамыз Қаратал аудандық партия комитетінің екінші хатшысы, Андреев ауданы атқару комитетінің төрағасы, Ақсу ауданы партия комитетінің бірінші хатшысы лауазымдарына жоғарылатылды. Бүгінде елімізге белгілі қоғам қайраткерлері Сиязбек Мұқашев, Асылмұрат Тұрғанбекұлы, Қуаныш Сұлтанов, Серік Ахымбеков сынды азаматтармен қоян-қолтық жұмыс атқарып ел құрметіне бөленді.

1992 жылдың басында Көксу (бұрынғы Киров) ауданына әкім болып тағайындалды. Менің де осы ауданының мал бордақылау шаруашылығына директор болып келгеніме жарты жылдай уақыт өткен. Көктемгі дала жұмыстары қарқын алып жатқан шақ, кеңсе алдына Наурыз ағамыз келе қалды. Аман саулықтан соң шаруаның жайын, халықтың көңіл-күйін сұрап, алда атқарар міндеттерге тоқталды. Жақын таңыстық осылай басталды. Наурыз мерекесін өткізу, оған халықты барынша тартып, елдің көңіл-күйін көтеретіндей өткізуіміз қажет, барлық аудан, мекеме ұжымдарының қатысуымен жақсылап өткізейік деп үндеді. Айтқанындай-ақ, көп ұлтты аудан тұрғындары қант зауытының қызылша қабылдайтын алаңына ақшаңқан киіз үйлер тігіп, мол дастарқан жайып, өнерпаздар өз өнерлерін көрсетіп, елдің мерейін өсірді, ризашылығына бөленді.

Осы атқарылған шара жолашар болып, көктемгі егіс науқаны мерзімінде атқарылып, күзде аудан еңбеккерлері мол өнім жинады. «Болар істің басына – жақсы келер қасына» – деген жұртшылық аудан әкімінің бастамаларын қолдап, нақты істерімен дәлелдеп отырды. Олай болар жөні де бар еді, Ақын Сара Тастанбекқызының «Жалайыр жалпақ, жуас, берекелі, жасымнан мәлім еді ел мекені. Арықтап, аңсай іздеп келгенімде, ортаңнан ызық көрдім мерекелі» – деп нағашы жұртын жырға қосса, Қаратал, Көксу бойын жайлаған ел соған лайық еді.

«Бір тонның жағасындай, бір кісінің баласындай» жарасымы бар елді Наурыз ағамыз одан әрі ұйытты. «Алдымен экономика – содан соң саясат» деген уақыт. Оның үстіне – реформалау, жекешелендіру үрдісі, жаңа салық төлеу жүйесі және де басқа ел естімеген жаңалықтар өмірге келіп жатқан кезең. Осының бәрінде аудан басшысы өзінің білігін, мол тәжірибесін көрсететін уақыт. Елдің санасына сіңіру, заң талаптарына сай жер, мүлік үлестерін беру, әділдікті сақтай отыра кеңес дәуірінен қалған дүниені бөлу. Осының бәрі үлкен табандылықты, төзімділікті қажет етті. Міне, осы кезеңнен Наурыз ағамыз абыроймен шықты. Бүгінде ешбір адам Қылышбаев жеке басына жер алыпты, ресторан салыпты, басқа дүниені басып қалыпты деп айта алмайды.

Наурыз Қылышбайұлы еліміздің Тәуелсіздік туы аспанымызда желбіресімен жылдары ғасырлар бойы есімдері ресми аталмай қалған ұлы бабаларымыздың тарихтағы орнын насихаттауға, келешек ұрпақтың санасында қалдыруға ерекше көңіл бөлді. 1990 жылы Ескелді (бұрынғы-Талдықорған) ауданында кесенесі орнатылған дүлдүлі ақын Бақтыбай Жолбарысұлы, Ескелді би, Балпық би, Қабылиса Жырау, Қарымбай әулие, Жолбарыс, Орақты батырлардың құрметіне ескерткіштер тұрғызу, еңбектерін жария етуге арналған ғылыми-танымдық конференциялар ұйымдастыру, кітап шығару, рухтарына арналған ас беру шараларының ұйымдастырушысы, үйлестіруші жаңашыры бола білді. Облыс орталығында «Үш бәйтерек» – Ескелді, Балпық, Қаблиса» бабаларымызға мемориалды кесене, ұлы тарихшы Қадырғали Жалайырға ескерткіш орнату, Талдықорған шаһарына кіретін күре жолға атын беруде үлкен белсенділік танытты.

«Ескелді, Балпық аруағы қолдасын, сонда сенде Нұрмолдадай боласын» деген қанатты сөздің авторы да Наурыз Қылышбайұлы. Сол 90-шы жылдардың басы Талдықорған облыс орталығы статусынан айырылып Алматыға қосылған кезде көптеген қиындықтардың орын алған шағы. Еңбек ақы, зейнетақы, басқа әлеуметтік төлемдер өтелмей, дүкен сөрелері қаңырап, төлем, есеп айырылысу «бартер» деген сөзбен қолданысқа еніп, бірі бұзау, сиыр берсе, бірі қой, ешкі, болмаса мал азығымен есептесіп жүрген шақ. Алматыдан келе жатқан жолаушы Мұқырының жотасынан Талдықорған қаласына көз салса жылтыраған жарық жоқ, қараңғы түнекте қалған, көңіл құлазытатын өңір. Сонда Нәукен елдің еңсесі көтерілсін деп жоғарыда аталғандай қанатты сөз жазып, Екі мәрте Социалистік еңбек Ері Нұрмолда ағамыздың рухын асқақтатып, мәңгілік қонысының басын күрделі жөндеуден өткізіп, төңірегін абаттандырып, жарық шамдарды орнатып, гүлзарларын жайнатып қойып еді. Бірде қазақтың белгілі жазушысы, өр Алтайдың түлегі Оралхан Бөкейдің қайтыс болуына байланысты Дулат Исабеков, Әкселеу Сейдімбеков бастаған елімізге белгілі ақын-жазушыларды ат шалдырта, қарсы алғанымыз бар. Сонда сол кісілер «Бұл елдің иесі бар екен ғой» – деп ризашылықпен сапарларын жалғастырған еді.

Ағамыздың еңдігі тілегі – ел амандығы, жұрт тыныштығы. Солай болса тұрса да, өмірлік тәжірибесін, ел тарихын, ұлттық салт-сананы зерделеп, шығармашылық еңбек атқарып, он алты кітап жазып, республикалық тарихи-этнологиялық, әдеби-көркем «Шыңғысхан» журналының құрылтайшысы әліде белсенділік таңытуда. Бүгін де ұрпағы өсіп, жапырағын жайған әулеттің атасы,

ел-жұрттың қазыналы қарты. Ат ұстар немере-шөбересі Қуаныш пен Аланның, бойы нағашыларына тартқан «Ата баласының» және жиендерінің қызығын Күләш Адамбекқызы тәтемізбен қатар жүріп көруге Алла жар болсын!

Қалабек ТАСТАНБАЕВ,
еңбек ардагері.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ОБЩЕСТВО

УСТАНОВИТЬ ПРЕДЕЛЬНЫЕ ЦЕНЫ НА КВАДРАТНЫЙ МЕТР ПРОСИТ ДЕПУТАТ

Депутат мажилиса на пленарном заседании палаты указал на рост цен на квадратные метры сразу после того, как казахстанцам разрешили воспользоваться частью пенсионных на покупку жилья.

Этот вопрос поднял в своем запросе, адресованном премьер-министру страны, депутат Аманжан Жамалов. Он отметил, власти реализует различные жилищные программы. Это и программа «Нұрлы жер», и «Бақытты отбасы», и «7-20-25», и «Баспана-Хит», и «5-10-20», ипотека Отбасы банка. "В прошлом году на программу «5-10-20» было направлено 390 млрд тенге. По «7-20-25» одобрены займы на 309 млрд тенге, по «Баспана-Хит» - 431 млрд тенге. Ко всему этому сейчас гражданам предоставлено право использовать пенсионные накопления. Объем изъятий из ЕНПФ может превысить 2,4 трлн тенге.

Иными словами, триллионы тенге идут на рынок жилья. Конечно, наши строительные компании не могли на это не отреагировать… И они отреагировали, но не повышением качества строящегося жилья, а повышением цен на и без того недешевые квартиры", - посетовал он. Он озвучил официальные данные, согласно которым за 2020 год цены на новое жилье выросли на 5%, на вторичное жилье – на 13,2%. Тогда как по данным портала Krisha.kz средние цены на рынке жилья Казахстана за прошлый год выросли на 17,2%. "Видимо у застройщиков, образно говоря, обильно стала выделяться "спекулятивная слюна"… И понятно почему – растет госсубсидирование ипотеки, казахстанцам частично разрешили использовать свое пенсионные накопления, следовательно, нужно пользоваться моментом и срочно поднимать цены… В итоге вся выгода от субсидирования ставки госпрограмм теперь достается застройщикам, но отнюдь не покупателям", - добавил мажилисмен.

В этой связи он попросил правительство и агентство по защите конкуренции принять действенные меры по ограничению роста цен на жилье путем в том числе установления предельных цен на квадратный метр жилья по всем государственным ипотечным программам. Депутат также указал на необходимость провести анализ причин повышения цен на жилье, с тем чтобы провести работу по выявлению фактов антиконкурентного поведения на рынке жилья.

СОБ.КОРР.

НОВОСТИ

ЭКСПЕРТЫ ВСЕМИРНОЙ ОРГАНИЗАЦИИ ЗДРАВООХРАНЕНИЯ ПОСЕТИЛИ УХАНЬСКИЙ ИНСТИТУТ ВИРУСОЛОГИИ, ГДЕ, СОГЛАСНО ОДНОЙ ИЗ ВЕРСИЙ, МОГЛА ПРОИЗОЙТИ УТЕЧКА ВИРУСА ИЗ ЛАБОРАТОРИИ, ПЕРЕДАЕТ CNN.

ЭКСПЕРТЫ ВОЗ ПОСЕТИЛИ ПОДОЗРЕВАЕМЫЙ В УТЕЧКЕ ВИРУСА ИНСТИТУТ

Специалисты ВОЗ уже приступили к исследованию лаборатории Уханьского Института, которая оборудована высочайшим уровнем биологической защиты (BSL-4). Отмечается, что лаборатории уровня BSL-4 предназначены для изучения самых опасных патогенов в мире, например, коронавирусов. Питер Дасзак, член группы ВОЗ и президент некоммерческой организации по охране окружающей среды EcoHealth Alliance, заявил, что он уверен в протоколах безопасности лаборатории. Как пишет издание, некоторые предполагают, что команда ВОЗ может быть ограничена во время инспекций в Китае. Но Дасзак выразил надежду, что его хорошие отношения с руководством лаборатории способствуют открытому и честному диалогу. И тем не менее он обеспокоен тем, что это расследование начато слишком поздно, чтобы найти источник распространения коронавируса.

Эксперты ВОЗ предупредили, что заключительные выводы по данному исследованию будут предоставлены позднее в подробном отчете. В минувшее воскресенье делегация ВОЗ также ознакомилась и исследовала рынок Уханя, который, согласно предположениям, стал эпицентром инфекции. Впервые вирус был выявлен в декабре 2019 года у работника этого рынка.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

МИРОВЫЕ НОВОСТИ

В ЕВРОСОЮЗЕ УЖЕСТОЧИЛИ ПРАВИЛА ВЪЕЗДА В ШЕНГЕНСКУЮ ЗОНУ

Евросоюз принял новые условия для пересечения границ Шенгенской зоны, передает газета «Алатау» со ссылкой на Deutsche Welle.

Как подчеркивается, это рекомендации для государств, но их, скорее всего, будут придерживаться все участники Шенгенской зоны. По сообщению пресс-службы Совета Евросоюза, теперь странам для разрешения пересечения границ ЕС необходимо соответствовать следующим критериям:

- число новых случаев заражения не должно превышать 25 на 100 тысяч населения за последние две недели,
- по итогам каждых двух недель число новых случаев заражения должно сокращаться или оставаться на прежнем уровне;
- страна должна проводить более 300 тестов на 100 тысяч населения на протяжении семи дней,
- число положительных результатов теста на коронавирус за последнюю неделю не должно превышать 4 процентов.

Также будет учитываться степень распространения разных мутаций коронавируса в этой стране.

Гражданам Евросоюза и его резидентам, к примеру работникам транспорта или дипломатам, въезд разрешен. Для этого они должны будут предоставить документ о негативном результате ПЦР-теста, сделанного не ранее 72 часов до въезда в Шенген.

Ожидается, что Совет ЕС будет регулярно обновлять список государств, гражданам которых разрешен въезд. Согласно списку, пересмотренному 28 января, пока посетить Европу могут только жители семи стран - Австралии, Новой Зеландии, Руанды, Сингапура, Южной Кореи, Таиланда и Китая.

Для тех, кто пересек границу ЕС, обязательным условием станет предоставление документа об отрицательном тесте на коронавирус. Кроме того, страны на свое усмотрение могут вводить дополнительные ограничения в виде карантина, самоизоляции или дополнительного тестирования на COVID-19.

«ALATAU-AQPARAT»

ОБРАЗОВАНИЕ

ВСТРЕЧА С ГОСТЕМ

В рамках профориентационного проекта «Умный четверг» ученики Назарбаев Интеллектуальной школы города Талдыкорган в онлайн формате встретились с IT-специалистом, разработчиком в Booking.com АлибекомДатбаевым.

Свой первый опыт в сфере разработки сайтов Алибек начал в 2010 году, когда обучался в КБТУ. Сразу после окончания университета он запустил два предпринимательских проекта. Создавал мобильные аксессуары, чехлы для телефонов, затем открыл службу доставки цветов. По словам нашего гостя – это был интересный и полезный опыт, но будучи айти-специалистом, его всегда тянуло в сферу айти-технологий.

- Меня пригласили в Штаты в стартап ipsy.com. Это компания, которая занимается продажей косметики онлайн по модели subscriptionservice. Передо мной встал вопрос – уехать на работу в Америку или остаться здесь и заниматься бизнесом. Это был переломный момент для меня. И я решил попробовать свои силы, - рассказывает Алибек Датбаев.

Спустя два года успешный айти-специалист вернулся в Казахстан, где получил возможность работать разработчиком в Booking.com.

- Мы строим концепцию путешествий. Наша организация несколько лет двигается по направлению диверсификации. Благодаря нашему сервису вы можете не просто забронировать отель, но и можно получить страховку, заказать билет в кино, выбрать маршрут туристический по достопримечательностям, - делится информацией гость проекта.

Встреча «Умного четверга» прошла в формате вопрос-ответ. Алибек рассказал о поступлении в КБТУ, о том, как получить приглашение в зарубежную компанию, как удачно пройти собеседование и как доводить все дела до конца.

На вопрос «Если бы вы не состоялись как айти-специалист, то чем бы занялись?», Алибек ответил, что выбрал бы агросферу. Ведь у Казахстана есть большой потенциал сделать аграрный сектор одним из ключевых драйверов экономики.

Онлайн встреча завершилась напутственными словами и пожеланиями в адрес учащихся Интеллектуальной школы.

Карина ПФАЙФЕР.

АКТУАЛЬНО

ЭЛЕКТРОННЫЙ ПАСПОРТ ВАКЦИНАЦИИ

Электронные паспорта вакцинации планируют ввести в Казахстане. В Минздраве объяснили, для чего внедряется новшество и смогут ли казахстанцы путешествовать без электронных паспортов вакцинации.

Главный эксперт управления эпидемиологического надзора за инфекционными заболеваниями Минздрава Нуршай Азимбаева отметила, что Казахстан начнет массовую вакцинацию от коронавируса 1 февраля. Для этого и планируется вести электронный учет, который подразумевает внедрение в стране электронных паспортов вакцинации.

«*Электронный паспорт вакцинации - это документ, который удостоверяет получение профилактических прививок. Он будет содержать данные о том, какие препараты получил человек, в каких дозах, в какие даты, а также были ли проявления после прививки. Как только человек получит прививку от коронавирусной инфекции, она будет доступна в приложении eGovmobile. Будут отслеживаться данные человека, когда он должен прийти на вторую профилактическую прививку*», - сообщила Нуршай Азимбаева.

Вакцинация будет проводиться в два этапа. Второй этап будет проходить через 21 день после первого.

Также представитель Минздрава ответила на вопрос о том, планируются ли в Казахстане какие-либо ограничения на передвижения лиц, не получивших прививки от коронавируса.

«*Возможно, в будущем не исключается, что некоторые страны введут ограничения для тех лиц, которые не получили профилактические прививки. Это в будущем.*

Но в нашей стране на сегодня не предполагается ограничение свободного передвижения лиц, которые не получили профилактические прививки», - сказала главный эксперт управления эпидемиологического надзора за инфекционными заболеваниями Минздрава.

По ее словам, на разработку электронных паспортов вакцинации дополнительные деньги не выделяются, потому что систему внедрят на уже имеющейся базе.

В Казахстане вакцинация будет проводиться в прививочных кабинетах при поликлиниках по месту прикрепления. Казахстанцев на вакцинацию будут приглашать.

Она также отметила, что медицинские работники, которые причастны к проведению профилактических прививок, будут заранее подготовлены. Их обучение начнется 22 января.

«*Говоря о загруженности в период массовой вакцинации, то это проводится не впервые. Например, в предэпидемический период гриппа по стране мы вакцинируем за 1-1,5 месяца полтора-два миллиона человек. Есть опыт, поэтому предстоящая вакцинация в течение шести-восьми месяцев - задача выполнимая для медицинской службы нашей страны*», - добавила Нуршай Азимбаева.

Также, по ее словам, в Казахстане разработаны методические рекомендации по вопросам организации и проведения вакцинации, тактика ведения, а также расписаны алгоритмы по хранению, транспортировке на всех уровнях систем здравоохранения.

СОБ.КОРР.

Бейсенбі - Четверг, 11 ақпан

ҚАЗАҚСТАН

06.05 Д/ф «Қазақ даласының құпиялары»
06.25, 17.00, 20.00, 00.05Aqparat
07.00 «Tansholpan»
10.00, 18.00 Т/х «Біздің әпке»
12.00, 21.30 Т/х «Инелік»
13.00 «Теледәрігер»
14.00 «Қымбат жандар»
15.00, 23.20 Т/х «Оралу»
16.00, 02.15 «Ғажайып өлке»
16.30, 02.40Т/х «Аулдастар»
17.15 «Қызық екен»
20.35 «Ashyq Alan»
22.30 Т/х «Елшінің қызы»
00.40 «Ashyq Alan»
01.30 «Теледәрігер»

ХАБАР

06.00, 18.15 Т/с «Между небом и землёй»
08.00, 00.00 Т/х «Бақытыма сенемін»
09.15, 17.00 «Qalamaimyn»
10.15, 01.00 Т/х «Аулдастар-2»
11.15 «Сірті бүтін»
12.30, 21.30 Проект «За что я люблю Казахстан и казахстанцев»
13.00 Т/с «Фамильные ценности»
15.00 «Бүгін»
16.00 Т/х «Келінжан»
18.00 Т/с «Счастливое число Слевина»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Біздің назарда»
21.00 Итоги дня
22.00 Т/х «Қария»
23.45 «Әсем ауен»

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»
06.30 «Күлдірген»
07.00 «Союзмультфильм»
08.00, 14.10М/с «Маша и Медведь»
10.00,22.00Т/х «Кекеш келін»
11.30, 21.00 Т/х «Сүлеймен сұлтан»
12.30, 23.10 Т/х «Ұлы әмірші Қуаң Ге То»
14.00 Vine Time
14.50, 03.50 Т/с «Райское место»
15.50, 04.35 «Отбасы»
16.20 Т/х «Ханзада Жумонг»
18.00 Т/х «Ұрланған тағдыр»
20.00, 01.10 «Астана таймс»
00.20 «Қош келдіңіз»
02.00 «Біреудің есбінен»
02.45 «KazNet»
03.05«Үздік әзілдер»
05.00 «Келіндер»
05.30 «Бірегей»

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х «Трақторшының махаббаты»
06.45 «Той заказ»
07.15 «Ән дария»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Жить здорово!»
12.00 «На самом деле»
13.00 «Пендеміз ғой»
14.15 «112»
14.30 «Qoslike»
18.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 Т/с «Город влюбленных»
20.00 «Главные новости»
20.30 Т/с «Такая работа»
00.15 «Пусть говорят»
01.15 «Московские тайны»
02.05 «П@утина»
02.50 «Басты жаңалықтар»
03.20 «Ән дария»
04.05 «Той заказ»

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30 Т/х «Қайран қарттар»
08.20 Т/х «Қара теңіз»
09.40 «Мерекелік концерт»
10.00 Новости
10.40 «Было дело»
12.15 Т/с «Боец»
16.00«За витриной»
18.00 Т/х «Бір кем дүние»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40 «Наследники»
23.30 Т/с «Боец»
01.15 «За витриной»
02.00 «Астарлы ақиқат»
02.45 «Той BESTSTAR»
03.40 Т/х «Қайран қарттар»
04.30, 05.00 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран
07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 TV-сабақ
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.35 «Саулықтың сыры»
18.45 «Дәрігер кеңесі» /тікелей эфир/
19.20 «Ковид шолу»
19.30 «Сегодня» /прямой эфир/
20.00 Д/ф «Мәдени қазыналар»
20.15 «Тәуелсіздік жылнамасы»
20.20 «Ковидшолу»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Жетісу адалдық алаңы»
21.30 Итоговые новости
22.00 Телесериал «Бәрі де аннам жайлы» (90-серия)
22.35 «Әсем әуен»
23.00 Новости
23.30 Жаңалықтар
00.00 Әнұран

31 КАНАЛ

06.00 Ризамын
06.55 «Информбюро»
07.55, 22.30 Т/с «Паутина»
09.00, 13.00 «What's Up?»
09.30 Т/с «Жазықсыз»
11.00 Т/с «Ананди»
13.35 Т/с «Воронины»
15.55 «Экстрасенсы-детективы»
17.00 «Кел татулайсайық»
20.00 «Информбюро»
21.10 Т/с «Невиновный»
22.30 Т/с «Паутина»
23.30 «Экстрасенсы-детективы»
00.35 «Кел татулайсайық»
02.55 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
04.30 Ризамын
05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00, 02.30, 04.30 «Айна-Online»
07.15, 13.30 Т/х «Элиф»
09.00 «Смеяться разрешается»
10.30, 18.30 Т/с «Неисправимые»
12.30, 20.30 Т/х «Ерке мұң»
15.15, 23.15 «Q-eli»
15.30, 23.30 Т/с «ИП Пирогова»
16.30, 01.30 Т/с «Исправленно-му верить»
17.30, 00.30 Т/с «Ветреная женщина»
21.30, 03.50 Т/х «Зың-зың Күлпәш»
22.30, 03.00 Т/х «Жалдамалы қалыңдық»

Жұма - Пятница, 12 ақпан

ҚАЗАҚСТАН

06.05 Д/ф «Қазақ даласының құпиялары»
06.25, 17.00, 20.00, 00.35 «Aqparat»
07.00 «Tansholpan»
10.00, 18.00 Т/х «Біздің әпке»
12.00, 21.30 Т/х «Инелік»
13.00 «Теледәрігер»
14.00 «Әлем айнасы»
14.20 «Алтын бесік»
14.40 Д/ф «Тұлға»
15.00, 23.20 Т/х «Оралу»
16.00 «Иман өзегі»
16.30 Д/ф «Аулдастар»
17.15 «Қызық екен»
20.35 «Ashyq alan»
22.30 Т/х «Елшінің қызы»
00.05 «Parasat maidany»
01.10«Ashyq alan»
02.00 «Теледәрігер»
02.50 Д/ф «Тұлға»
01.05 «Вечерний Ургант»
01.40 «П@утина»
02.55 «Ән дария»
03.40 «Той заказ»

ХАБАР

06.00, 18.15 Т/с«Между небом и землей»
08.00, Т/х «Бақытыма сенемін»
09.15, 17.00 «Qalamaimyn»
10.15, 01.00 Т/х «Аулдастар-2»
11.15 «Сырты бүтін»
12.30, 21.30 Проект «За что я люблю Казахстан и казахстанцев»
13.00 Т/С «Семейные обстоятельства»
14.00 Т/с «Дети сестёр»
15.00 «Бүгін»
16.00 Т/х «Келінжан-2»
20.00 Қорытынды жаналықтар
20.30 «Народный контроль»
21.00 Итоги дня
22.30 Т/х «Қария»
01.00 «Әсем әуен»

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»
06.30 «Күлдірген»
07.00 «Союзмультфильм»
08.00, 14.10 М\ф «Маша и медведь»
10.00, 22.00 Т/х «Кекеш келін»
11.30, 21.00 Т/х «Сүлеймен сұлтан»
12.30, 23.10 Т/х «Ұлы әмірші Қуаң Ге То»
14.00 Vine time
14.50, 03.50 Т/с «Райское место»
15.50, 04.35 «Отбасы»
16.20 Т/х «Ханзада Жумонг»
18.00 Т/х «Ұрланған тағдыр»
20.00, 01.10 «Астана таймс»
20.55 Loto 5/36
00.20 «Қош келдіңіз»
02.00 Д/ф «Біреудің есебінен»
02.45 «KazNet»
03.05 «Үздік әзілдер»
05.00 «Келіндер»
05.30 «Бірегей»

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х «Трақторшының махаббаты»
06.45 «Той заказ»
07.15 «Ән дария»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Жить здорово!»
12.00 «Модный приговор»
13.00 «Жди меня» Казахстан
14.00 «112»
14.15 «112»
14.30 «Qoslike»
18.30, 02.35 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Заң сөйлесін»
20.00 «Главные новости»
20.30 «X-Factor»
20.45 «Поле чудес»
21.55Т/с «Я заплачу завтра»

КТК

07.05, 04.50, 05.20 Кешкі жаңалықтар
07.30 Т/х «Қайран қарттар»
08.20 Т/х «Қара теңіз»
09.40 «Мерекелік концерт»
10.00 Новости
10.40 «Было дело»
12.15 Т/с «Боец»
16.00 Х/ф «За витриной»
18.00 Т/х «Бір кем дүние»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Дау-дамайсыз»
20.35 «КТКweb»
21.00 Вечерние новости
21.40 Х/ф «Ныряльщица за жемчугом»
01.30 «За витриной»
02.15 «Дау-дамайсыз»
02.40 «КТКweb»
03.00 «Той BESTSTAR»
04.00 Т/х «Қайран қарттар»
04.40, 05.10 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 TV-сабақ
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.35 «Саулықтың сыры»
18.45 «Ковид шолу»
19.00 «Карантин»
19.30 «Бүгін» /тікелей эфир/
20.00 Ковид-шолу
20.07 Ковид-обзор
20.15 «Дорожная карта занятости»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Желі KZ»
21.15 Ковид-шолу
21.30 Итоговые новости
22.00 «Ән тыңдайық»
23.00 Новости
23.25 Ковид-обзор
23.30 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

06.00 Ризамын
06.45 Информбюро
07.55 Т/с «Паутина»
09.00, 13.00 «What's Up?»
09.30Т/с «Жазықсыз»
11.00 Т/с «Ананди»
14.00 М/с «Тимон и Пумба»
14.30 М/ф «Бременские музыканты»
15.55 «Экстрасенсы-детективы»
17.00 «Кел татуласайық»
20.00 «Информбюро»
21.00 Т/с «Невиновный»
22.20 Х/ф «На расстоянии удара»
00.30 Х/ф «Восемь первых свиданий»
02.10 «Кел татуласайық»
05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00, 02.10, 04.50 Т/х «Айна-online»
07.15 ,13.30 Т/х «Элиф»
09.00 «Смеяться разрешается»
10.30 Т/с «Неисправимые»
12.30, 20.30 Т/х «Ерке мұң»
15.15, 23.15Скетчком«Q-eli»
15.30, 23.30 Т/с «ИП Пирогова»
16.30 «Дизель-шоу»
18.00 Шоу «Один в один 5»
21.30, 03.50 «Япырай»
22.20, 03.00 Т/х «Жалдамалы қалыңдық»
00.30 Х/ф «Любовь в большом городе-3»

Сенбі - Суббота, 13 ақпан

ҚАЗАҚСТАН

06.05 Д/ф «Қазақ даласының құпиялары»
06.30, 02.50 «Ғасырлар үні»
07.10Aqparat
07.45 Концерт «Әндер мен жылдар»
09.00 М/ф «Элвин мен алакоржындар»
10.00, 18.00 Т/х «Біздің әпке»
12.00 «Nur tiley»
14.30 Еркін Нұржановтың концерті
15.40 М/ф «Мадагаскар пингвиндері»
17.00 «Жарқын жүздесу» ток-шоу
20.00 «Masele»
20.40 «Azilalemi»
22.30 Т/х «Елшінің қызы»
23.20 К/ф «Пәк сезім»
01.10 «Masele»
01.50 «Nur tiley»
02.25 «Аулдастар»

ХАБАР

06.00 «Олжалы отбасы»
06.30 «Jigitter 15 jyl»
08.45 «Қызық болған»
10.00 «Tangy fresh»
11.00 «Қым мықты-2»
11.45 «Тарих. Талғдыр. Тұлға»
12.00 «Әдемі-ау»
12.45 «Хит жазамыз»
14.00 «Путешественник. Начало»
15.30 Т/х «Келінжан»
19.00 «Дала battle»
20.00 «Отдел журналистких расследований»
21.00 «7 күн»
22.00 Ток-шоу «Хабарлас»
23.00 «Дело №39»
01.00 Т/х «Шашу»

АСТАНА

06.00, 05.00 «Ән мен әзіл»
06.30 «Күлдірген»
07.00, 04.00 «Үздік әзілдер»
08.00 М/ф «Маша и медведь»
10.00, 22.00 Т/х «Кекеш келін»
11.20, 21.00 Т/х «Сүлеймен сұлтан»
12.20, 23.10 Т/х «Ұлы әмірші Қуаң Ге То»
13.50 Х/ф «Друзья навсегда»
17.00 «Алдараспан»
18.00 Т/х «Ұрланған тағдыр»
20.00 «Үздік әзілдер»
20.55 «Loto 6/49»
00.10 Х/ф «Полицейская история»
02.10 «Bas times»
03.10 «Той жыры»
03.40 «KazNet»

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х «В розыске»
07.10, 02.40 «Ән дария»
06.45 Т/х «Последнее королевство»
08.00, 03.25 «Тамада Battle»
09.00 Т/с «Заложница»
12.30 «Фабрика грез»
12.55 Т/с «Где живет надежда»
16.25 «Лучше всех!»
18.00, 02.15 «Сенбілік жаңалықтар»
18.35 «Ең алғашқы...»
20.00 «X Factor»
21.45 «Мама моей дочери»
23.15 «X Factor»
23.45 «Мама моей дочери»
01.30 «П@ytina+»
02.25 «Сенбілік жаңалықтар»
02.50 «Ән Дария»
03.35 «Тамада Battle»

КТК

07.05 «КТК» қоржынынан»
08.00 Т/х «Үлкен үй»
08.50 «Қыз қылығы»
09.10 «Басты рөлде»
09.40 «КТКweb»
10.00 «Смеяться разрешается»
12.00 «Ныряльщица за жемчугом»
16.00 «Аталар сөзі»
18.00 «Мерекелік концерт»
19.00 «Ән мен әнші»
21.00 «Большие новости»
22.00 «Раненное сердце»
01.10 К/ф «Ахмадбай мен Рахматбай»
02.25 «Аталар сөзі»
03.00 «Үлкен үй»
03.40 «Қыз қылығы»
04.00 «Басты рөлде»
04.20, 05.15 «КТК» қоржынынан»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық»/
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 М/ф «Тобот»
10.30 «Спорт тайм»
11.00 «Карантин»
11.35 «Әсем әуен»
12.00 «Әкелердің әңгімесі»
12.40 «Желі KZ»
13.00 «Арнайы репортаж»
13.30 «Ауылдағы ағайын»
14.00 «Олжа»
14.30 «Ұлт ұлағаты»
15.00 «Беляночка и Розочка» ертегісі
16.00 «Ән тыңдайық» (онлайн-концерт)
16.30 Д/ф «Мәдени қазыналар»
16.45 «Саулықтың сыры»
17.00 «Зерде»
17.40 «Полиция қызметі»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.30 «Кәтелік»
19.15 «Әсем әуен»
19.30 «Жүрек сөзі»
20.05 «Қазақстанда жасалған»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Кең ауқымда»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Көңілдің күйі» үнді фильмі

31 КАНАЛ

06.00, 03.30 Ризамын
07.00 Информбюро
08.00, 01.20 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
09.30 «Готовим с Адель»
10.05 Мистическое шоу «Битва экстрасенсов»
12.00 «What's up?»
13.00 «Апал-үпіл»
15.00 М/ф «Тимон и Пумба»
16.00 Х/ф «Питер Пэн»
18.20 Х/ф «Последний киногерой»
21.00 Х/ф «Слепая ярость»
22.50 «Музыкалық сағат»
05.00 «Әзіл студио»

7 КАНАЛ

06.00 «Қыздар арасында»
07.00, 03.00 «Айна-online»
09.00 «Смеяться разрешается»
09.50 «Дизель-шоу»
11.100, 01.20 «Юморина»
13.10 Х/ф «Любовь в большом городе-3»
14.50, 03.40 Т/х «Тақиясыз періште»
17.45 Т/х «Зың-зың Күлпәш»
20.45 Шоу «Один в Один»
23.10 Х/ф «Телохранитель киллера»

Жексенбі - Воскресенье, 14 ақпан

ҚАЗАҚСТАН

06.05 Д/ф «Қазақ даласының құпиялары»
06.30 «Tolagai»
07.30, 02.50 «Атамекен»
08.00, 01.50 «Ауылдастар»
08.40 М/ф «Мадагаскар пингвиндері»
10.00, 18.00 Т/х «Біздің әпке»
12.00 «Тәуелсіздік тәуекелдері»
12.45 К/ф «Ва-банк»
14.30 Әбдіжаппар Әлқожаның концерті
16.15 Дисней ұсынады: «Мейірімді Дию»
20.00 «АРТА»
20.50 «Жүзден жүйрік» Интеллектуалдық шоу
22.30 Т/х «Елшінің қызы»
23.20 «Шаншар»
01.00 «АРТА»
02.20 «Parasat maidany»
концерті
08.45 «Қызық болған»
10.00 «Tangy fresh»
11.00 «Тарих. Тағдыр. Тұлға»
12.00 «Про спорт»
12.45 «Дала battle»
13.45 «Стартрек: Возмездие»
16.00 Т/х «Өз үйім-2»
18.30 «Мәжіліс.kz»
19.00 «Ән әлемі»
19.45 «Хит жазамыз»
21.00 «7 күн»
22.00 «Большая неделя»
23.00 Т/х «Қария»

ХАБАР

06.00 «Олжалы отбасы»
06.30 «Жұлдыз болғың келсе»

АСТАНА

06.00 Қаламгер
06.30, 05.00 «Үздік әзілдер»
08.00 М/ф «Маша и медведь»
10.00 «TeleBingo»
10.25, 22.00 Т/х «Кекеш келін»
11.50, 21.00 Т/х «Сүлеймен сұлтан»
12.5, 23.10 Т/х «Ұлы әмірші Қуаң Ге То»
14.10 Х/ф «Полицейская история»
16.10 «Алдараспан»
18.00 Т/х «Ұрланған тағдыр»
20.00 Үздік әндер
20.45 Аялы алақан
00.10 «Azil keshi»
01.20 «Астана кеші көңілді»
03.20 «KazNet»
03.40 «Әзілстан»
04.00 «Ән мен әзіл»

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х «В розыске»
07.10, 03.10 «Ән дария»
07.50 «Тамада Battle»
08.45 «Воскресные беседы»
09.00«Доска почетных»
09.25 «Бойся желаний своих»
13.35 «Модель счастливой жизни»
15.45 «X-Factor»
12.20 «Фабрика грез»
12.50 «Я буду жить!»
16.25 «Лучше всех»
18.00 «Basty bagdarlama»
18.35 «Әкемізге қалыңдық»
20.00 «Аналитика»
21.00 «Стеклянная комната»
00.15 «Я почти знаменит»
01.45 «П@ytina+»
02.30«Basty bagdarlama»
03.00 «Ән Дария»
03.45«Тамада Battle»

КТК

07.05 «Өнерлі отбасы»
08.00 Т/х «Ән мен әнші»
10.00 «Смеяться разрешается»
12.20 «Раненое сердце»
16.00 «Аталар сөзі»
17.10 «Рыцарь нашего времени»
21.00 «Портрет недели»
22.00 «Эксперт»
23.45 «Было дело»
00.30 «Иная реальность»
01.05 «Министерство правды»
01.50 К/ф «Тағы бастадық»
03.10 «Өнерлі отбасы»
04.05 «Көріпкел-2»
04.50, 05.15 «КТК» Қоржынынан»

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран
07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Ән тыңдайық» (онлайн-концерт)
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 М/ф «Тобот»
10.30 «Әдебиет пен адамзат»
11.00 «Зерде»
11.45 «Әсем әуен»
12.00 «Жүрек сөзі»
12.35 Д/ф «Кең ауқымда»
13.35 «Кәтелік»
13.40 «Единый народ»
14.05 «Жетісу адалдық алаңы»
14.30 «Қазақстанда жасалған»
15.00 «Аю терісіндегі ханзада» ертегісі
16.00 «Ән тыңдайық» (онлайн-концерт)
16.30 Д/ф «Мәдени қазыналар»
16.45 «Саулықтың сыры»
17.00 «Қазақ үні»
17.40 «Полицейская служба»
18.00 «Спорт-тайм»
18.30 «Олжа»
19.05 «Ұлтқұндылығы»
19.30 «Әкелердің әңгімесі»
20.15 «Тәуелсіздік жылнамасы»
20.30 Апта /қаз/
21.30 Апта /рус/
22.20 К/ф «Сезім мен қадам»
00.20 Әнұран

31 КАНАЛ

06.00, 04.30 Ризамын
07.00, 01.10 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
08.00 Х/ф «Бременские музыканты»
09.30 «Готовим с Адель»
10.05 «Апал-үпіл»
12.00 Х/ф «Питер Пэн»
14.20 Х/ф «Последний киногерой»
17.20 Х/ф «На расстоянии удара»
19.25 Х/ф «Животное»
21.00 Х/ф «Анаконда»
22.50 «Музыкалық сағат»
05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00 «Қыздар арасында»
07.00, 03.00 «Айна-online»
09.00 «Смеяться разрешается»
09.30, 01.10 «Юмор! Юмор! Юмор!»
11.30 Т/с«Первый раз прощается»
15.00, 04.00 «Няня-Аға»
17.45 «Бастық боламын»
21.00 Х/ф «Телохранитель киллера»
23.10 Х/ф «Рокки-5»

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЖОЛДАУ АЯСЫНДА

ТЫҢ ТАЛАПТАР ТҰРҒЫСЫНАН

Әр жыл сайынғы Президент жолдауы өз жаңалықтарымен, құнды идеяларымен, еліміздің жаңғыруына, өркендеуіне негіз болатын салмақты тұжырымдармен ерекшеленеді. Сондықтан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «ЖАҢА ЖАҒДАЙДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН: ІС-ҚИМЫЛ КЕЗЕҢІ» атты Қазақстан халқына Жолдауын да тарихи құжат деп қабылдауға әбден болады.

Шын мәнінде Жолдауда айтылған барлық басымдық миллиондаған қазақстандықтың өмір сүру сапасын жақсартып, олардың бәсекеге қабілеттіліктерін көтеретін тиімді тетіктер. Президент сондай басым міндеттердің қатарында азаматтардың құқықтары мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сот және құқық қорғау жүйесіндегі күрделі реформалар – азаматтарымыздың құқықтарын қорғаудың және олардың қауіпсіздігін күшейтудің негізгі факторы екендігін де ерекше назар аударды. Мәселен, Қ.Тоқаев: «Заң үстемдігі орнықпаса және азаматтардың қауіпсіздігіне кепілдік бермесе, әлеуметтік-экономикалық дамудың бірдебір міндеті табысты жүзеге асырылмайды. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» - бұл, шын мәнісінде, «әділ мемлекет» құру тұжырымдамасы. Азаматтар мүлігіне қызмет ететін мемлекеттің жаңа стандарттарын әзірлеу үшін көп жұмыс атқаруымыз керек. Осы тұрғыда құқық қорғау және сот жүйесі негізгі рөл атқарады. Бұл салаға реформа аса қажет. Заң үстемдігінің маңызды өлшемі – бейтарап және әділ сот төрелігі. Сот жарыспалы, ал судья айыптау тарапынан бос болуы керек. Ол үшін адвокат пен прокурордың теңдігін қамтамасыз ету қажет. Қоғамның соттарға деген сенімін нығайту басым мақсат болуға тиіс. Оған мемлекет пен судьялар корпусының бірлескен күш-жігерімен ғана қол жеткізуге болады. Судьяларды іріктеу қандай кандидаттар қандай еңбегі үшін жұмысқа қабылданғанын білуі үшін жұртшылық білу үшін БАҚ-та жариялануы тиіс. Дауларды шешудің баламалы тәсілдерін де дамыту қажет, бұл мемлекеттің қатысуынсыз ымыраға келуге мүмкіндік береді. Мұндай институттар дамыған елдерде өзін жақсы көрсетті» деп атап көрсетті Президент.

Міне, осы тың талаптар тұрғысынан табылу үшін судьялар қауымы да барлық күш жігерін жұмылдыруы керек. Сонда халықтың сотқа деген сенімін барынша арттыра түсеріміз даусыз.

Майкүл МАМУТОВА,
Талдықорған қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы.

МАМАН МІНБЕРІ

ҚОЛАЙЛЫ ҚЫЗМЕТ

Сот кабинеті – бұл электрондық ақпараттық сервис, ол сот органдарының онлайн сервисіне қолжетімді бірыңғай терезе болып саналады, сот ісін жүргізуді жеңілдету және азаматтар үшін сот жүйесінің қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында іске асырылған. Бұл сервистің негізгі ерекшелігі азамат, оның заңды өкілі, адвокат немесе заңгер кез келген ыңғайлы уақытта, үйінен немесе кеңседен шықпай-ақ интернет желісі арқылы сот құжатын, сондай-ақ істегі мәртебесін қарай алады және сот актісін басып шығара алады.

Сот кабинеті сервисі арқылы заңды тұлғалардың мемлекеттік баж төлеу мәселесі шешімін тапты, жеке тұлғаның төлем карточкасы арқылы бажды төлеу, сондай-ақ төлем құжатының сканерден өткен көшірмесін беру мүмкіндігі бар. «Сот кабинеті» және «Сот құжаттарымен танысу» электронды сервистері Жоғарғы Соттың www.sud.kz ресми сайтында іске қосылған. Аталған қызметтерді электронды цифрлы қолтаңбасы бар азамат қана тұтына алады.

Қазіргі таңда біздің сотқа заңды тұлғалардан келіп түсетін талап арыздар 100 пайыз электронды түрде түседі. Ол соттың да, сотқа жүгінген тұлғалардың да уақыты мен жұмысын азайтады. Мысалы, азамат немесе оның заңды өкілі өзінің уақыты мен қаражатын кетірмей, үйінен талап арыз жіберсе, ол электронды түрде соттың базасына түседі. Сот қызметкері дайын электронды түрде түскен арызды тіркейді. Ол үшін ол құжаттарды сканерден өткізіп, базаға салып жатпайды, өйткені олардың барлығы дайын түседі. Айтып өтетін жәйт, ол сот жүйесі қызметкерлерінің азаматтармен байланысын азайтады және сыбайлас жемқорлыққа бейімділікті азайтуға ықпал етеді.

Бұған қоса, Жоғарғы Соттың және жергілікті соттардың сайтында «Сот құжаттарымен танысу» сервисі іске қосылған. Аталған сервис сот өндірісінің жеделдігі мен қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының сайтындағы электронды сот құжаттарымен танысуға мүмкіндік береді.

Рахат ОМАРҒАЛИЕВ,
Талдықорған қалалық сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы.

Егемен еліміз Конституциясының 1-бабында Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырылды. «Оның басты қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деген қастерлі сөзді кіргізген. Бүгінгі құқықтық мемлекет құрамыз деген заманда әрбір адам өз құқықтарын жете біліп, жалпы заң білімі саласынан мағлұмат алғаны дұрыс. Заңды аттамай, тура жолмен жүріп, еліне адал қызмет еткен азамат қана мұратына жетеді. Сондықтан заңды білу – заман талабы.

ҚЫЛМЫС ПЕН ЖАЗА

Жалпы қылмыс дегеніміз – адам әрекетінің бір түрі. Қылмыс – Қазақстан Республикасының қылмыстық заңына сәйкес, жазалау қатерімен тыйым салынған, қоғамға қауіпті іс- әрекет немесе әрекетсіздік. Қылмыстық жаза – сот үкіметімен қылмыс жасағаны үшін кінәлі деп танылған тұлғаға қатысты Қылмыстық кодексте белгіленген аталған тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын айыруға немесе шектеуге бағытталған мемлекеттің мәжбүрлеу шарасы. Мәселен, екі немесе одан да көп адамның қылмыс жасауға қасақана бірлесіп қатысуы қылмысқа қатысу деп танылады. Бірігу қылмысқа қатысудың объективтік белгісі ретінде бірнеше адамдардың өз күштерімен бірлесіп әрекет жасауын білдіреді, олардың барлығы өз күштерін біртұтас қылмыстық нәтижеге қол жеткізуге бағытталады. Қылмыстық нәтижеге қол жеткізу үшін күштерін біріктіргенде, қатысушылардың бірі қылмыстың объективтік жағын орындайды, ал басқалары қылмысты ойдағыдай жасауға және оны жасыруға барлық қажетті жағдайларды жасауға көмектеседі. Біріккен әрекеттер арқылы қол жеткізілген нәтиже барлық қатысушылар үшін біртұтас, ортақ бөлінбейді. Тек қасақана жасалған қылмыстардың ғана қылмысқа қатысы болуы мүмкін, ал қылмысқа қатысушы барлық адамдар қасақана түрде әрекет етеді.

Қылмысқа қатысушылардың рөліне байланысты, оларды орындаушы, ұйымдастырушы, айдап салушы және көмектесуші деп бөледі. Орындаушы – бұл нақты қылмыс құрамының объективті жағынан кіретін әрекеттерді толықтай немесе ішінара орындайтын адам. Ұйымдастырушы — қылмыс жасауды ұйымдастырған немесе оның орындалуына басшылық еткен адам. Ұйымдастырушы ретінде көбіне нақты қылмыстарды тікелей жасаудан қашатын ең тәжірибелі, қауіпті қылмыскерлер болады. Көпшілік жағдайда ұйымдастырушы – бас бастамашы, негізгі басқарушы және қылмыс жоспарының авторы болады.

Айгүл ҚАСЕНОВА,
Алматы облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы.

ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК

АУҚЫМДЫ ШАРАЛАР АТҚАРЫЛДЫ

ЕЛІМІЗДІҢ САУДА НАРЫҒЫНДА БӨТЕННІҢ ТАУАР ТАҢБАСЫ БЕЙНЕЛЕНГЕН КӨШІРМЕЛЕР КЕЗДЕСЕДІ. БҰЛ – ЗАҢ ТІЛІНДЕ КОНТРАФАКТІЛІК ӨНІМ ДЕП АТАЛАДЫ. НЕГІЗІНДЕ БҰЛ ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК ЗАҢЫНЫҢ БҰЗЫЛУЫ МЕН КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМЫТУҒА КЕРІ ӘСЕРІН ТИГІЗЕТІН КӨРІНІС ЕКЕНДІГІ ДАУСЫЗ.

Меншік құқығын бұзу арқылы жеке тұлғалар мен кәсіпкерлер ғана емес мемлекетіміз де төленбеген салық түрінде зардап шегетіні сөзсіз. Еліміздің әлем елдерімен иық теңестіріп бірдей тұруына, бәсекеге қабілетті болуына, дүниежүзілік сауда ұйымы сияқты одақтарда еркін сауда айналымын жасау үшін зияткерлік меншік құқығы міндетті түрде қорғалуы қажет.

Алматы облысы Әділет департаментінің зияткерлік меншік құқығы жөніндегі бөлімі облыс аумағындағы зияткерлік меншік құқығы саласы бойынша мемлекеттік қызметті жүзеге асырып келеді. Оның негізгі міндеттері: зияткерлік меншік құқықтарын қорғау саласында мемлекеттік саясатты іске асыру, зияткерлік меншік құқығын қорғау сұрақтары бойынша азаматтарға кеңес беру және ұйымдастыру, зияткерлік меншік саласында құқық бұзушылыққа қарсы тексеру іс-шараларын жүргізу, зияткерлік меншік саласын дамытуда БАҚ құралдарымен қарым қатынаста болу. Осы орайда, Департаменттің зияткерлік меншік құқықтары саласы бойынша облыс көлемінде ауқымды іс-шаралар атқарылып отыр. Өткен 2020 жыл бойынша зияткерлік меншік саласына байланысты 8 өтініш түскен. Аталған салаға қатысты 637 құқықтық түсіндіру шаралары өткізілген. Әлемдегі пандемия, карантин шараларына байланысты үгіт-насихат жүргізуде онлайн, электронды жолдармен әлеуметтік желіні қолдану арқылы өткен жұмыстар да аз емес. Зияткерлік меншік құқығы жайлы жеке кәсіпкерлермен, құқық қорғау органдары өкілдерімен онлайн семинар, дөңгелек үстел, әртүрлі тақырыптағы дәрістер оқу сияқты құқықтық насихат шаралары тұрақты түрде жүргізілді.

Бүгінгі таңда еліміздің дамыған елдер қатарына қосылуы үшін әр салада құқықтық сауаттылық, насихат жұмыстарын жүргізу өте маңызды. Зияткерлік меншік құқықтары саласы елімізде нарықтық экономика заңдылықтарымен және жаппай кәсіпкерлікті дамыту кезеңінде өз орны бар сала екендігі даусыз. Осы орайда, аталған сала бойынша ауқымды жұмыстар әлі де облыс аумағында Әділет департаменті тарапынан жоспарланып отырғандығын атап айтқымыз келеді.

Елтай АУБАКИРОВ,
Алматы облысы әділет департаменті Зияткерлік меншік құқықтары бөлімінің басшысы Қазақстан заңгерлер одағының мүшесі

Алатау

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АЙТАРЫМ БАР

БҰЛ ҚАЙ ЕЛДІҢ ЗАҢЫ?

«ЖЕР АСТЫНАН ЖІК ШЫҚТЫ, ЕКІ ҚҰЛАҒЫ ТІК ШЫҚТЫ» ДЕП ЕЛДІ ДҮРБЕЛЕҢ - ДҮРМЕККЕ САЛЫП ЖАТҚАН «ОТБАСЫЛЫҚ ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ТУРАЛЫ» ЗАҢ ЖОБАСЫН ТАЛҚЫЛАНЫП ЖАТҚАНЫ БАРША ЖҰРТҚА МӘЛІМ.

«Баланың құқығын қорғаймыз» деген дақпыртты жалау еткен бұл заңсымақтың көздеген негізгі мақсаты – балалардың құқығын қорғау емес, ата-аналардың құқығын қорлау. Себебі, баланың қажеттілігін өтей алмаған, өтейін десе оған әлеуметтік әл-ауқаты мен экономикалық жағдайы жете бермеуінен заң жобасы бойынша «баланың қажеттілігіне немқұрайлы қарағандықтан» және өз баласына ұрсып зекіргендердің ата-аналық құқығынан айырып, оны тек асыраушысы ретінде ғана бағалау, бұл не деген бассыздық?!

Аталмыш заңның қу түлкінің құйрығындай бұлғаңдатып, сыртын сылап әдемілеп, әрлеп, сәндеп қойғанымен, әр отбасын ірітіп, ішінен іріткі салатын айықпас дерт екенін қарапайым халық енді түсіне бастады. Бұл заңның жобасы бір қарағанда аз қамтылған отбасылары мен көп балалы ата-аналарға арналғандай болып көрінгенмен, түп негізі шіріген бай, шенеуніктерге арналған заң. Ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрлеріміз бен әдет-ғұрпымызды жоққа шығару, тарихымызды таптап, ұлттық тамырымызға балта шабу деген сөз. Ал бай шенеуніктерге арналған заң деп айтуымызға негізгі себеп 77- бапта көрсетілгендей, ата-аналық құқығынан айрылып, бала тартып алынса, онымен бірге сол отбасына тиесілі дүние мүліктер де қоса алынады да, сол баланы өзіне алып жатқан әл-ауқатты отбасына беріледі. Қазір бұрынғыдай жетім балалардың үйі жоқ. Ол балалар жеке меншікті әл-ауқаты жоғары отбасыларына, яғни жеке меншік ұйымдарға беріледі. Бұл заңнаманың механизмі, яғни тетіктері іске қосылмасын деп тілейік. Тағы бір құйтырқылығына қарасаңыз, жаның түршігеді. 35-36 бап бойынша ата- ананың біреуінің ғана кінәсі болса, мәселен әкесі ішімдік ішсе, болмаса тағы да басқа жағымсыз жағдайымен баласынан айыру құқығына ие болса, онда анасы да, екеуі бірдей айырылып, баланды тиісті орындарға алып кетеді. Алып кеткенде, балаң қайда және кіммен болады ол жағы ата- анаға беймәлім. Себебі, сот шешімі шыққанша ешқайсысының баласына барып, жақындай алмайтындығы белгілі. Сот шешімі шыққанша арада қанша уақыт өтеді оны бір құдай біледі. Ол үшін ата-ананы ювеналдық әділеттіке жібереді. Ал олардың айтатын талабы психодеспансерден өтіп анықтама сұратады. Ал психотропты дәрілерді беріп, психодеспансерден сау адамды ауру, ауру адамды нақұрыс жынды қылып жіберу өз қарауында тұрған дүние ғой. Мен түсінемін, молдалыққа арнайы имам етіп тағайындауға, ішкі қауіпсіздік коммитеттерге, құпиялы құжат сақтайтын өте жауапты мекемелерге қызметке тұру үшін бұрын - соңды сотталмаған, әрі психодеспансерден тексерілген деген анықтамалардың болуы міндетті түрде талап етіледі. Ал қарапайым қатардағы кез келген адамның психодеспансерден өтуі, психологиялық тест деп аталатын не ұлттық салт пен дәстүріңе, не туған тіліңе, не хақ ислам дініңе дендеп бойламайтын, адамның ұлттық болмысы мен адамгершілік қасиеттерін ойламайтын батыстың бәлдір батпағы неге керек?!

Заң шығарушы құзіретті орган, Парламент мүшелері негізгі заңымыз Конституциямыздың үш тармақтан тұратын 27-бабының үшеуін де белден басып, басын жарып, көзін шығарып жібергенін неге білмей отырғанына таңғаласың. Онда не дейді?

Конституция 27 бап. 1. «Неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады» дейді. Ал жаңа заң жобасы бойынша қай жақтағы қорғау? Мемлекет өзі заң тұрғысында ата менен ананы баласынан ажыратып жатса? 2. «Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу-ата-ананың етене құқығы әрі міндеті» делінген. Қай жақтағы тәрбие? Ата-анасы өзінің туған баласына әй дей алмаса. Баланың келісімінсіз сүндетке отырғыза алмаса, қыз баласының құлағын тесіп сырғасын сала алмаса, кәмелетке жасы толмаған бала «аспандағы айды алып бер» деп те талап қоюы мүмкін ғой ата-анасына. Баланың айтқан барлық талап-тілектерінің бар кезде орындала бермейтіні де түсінікті. Сол үшін ата-анасы мен балаларының ара жігі ашылып, баланың ғана дегені болып ата-ананың құқығы аяққа басылуы керек пе?

3. «Кәмелетке толған еңбекке қабілетті балалар еңбекке жарамсыз ата-анасына қамқорлық жасауға міндетті» деп көрсетілген. Міне, бұра тартуға келмейтін негізгі заңымыздағы осы үш тармақтың үшеуін де көзге ілмей жоққа шығаратын бұл заңсымақтың қауіптілігін аңғару аса қиын емес. Ол бала есейгенде әке-шешесіне қалай қарайды, олардың ата-аналық мейірімі мен махаббатын, отбасы ошақ қасының жылылығын көріп өспесе? Үлкенге құрмет, кішіге ізет деген салт-дәстүрден жұрдай болып, барлық ұлттық құндылықтардан мақұрым болып өссе, ол баладан қандай сый-құрмет пен қамқорлық күтуге болады? Міне, адамзат баласына тән барлық асыл қасиеттерді аяққа таптаған мұндай заң жобасы бүгінгі таңда да және алдағы уақытта да тәрбиенің ешбір саласына сай жауап бере алмайды. Сондықтан да бірінші рет емес, бірнеше мәрте мәжіліс депутаты болып ұлттың сөзін сөйлейді деген әнші Бекболат Тілеуханның өзі *«Мен бұл заңнамаға қарсы болғанмын, қазір де қарсымын. Бірақ, кешегі карантин кезінде есіміз ауып отырып бұл мәселеге тереңірек үңіле алмай бірінші оқылымында-ақ қол қойып жіберіппіз»* дегененен-ақ балаларымызға, ұлтымыз бен ұрпақ болашағына үлкен қауіп төніп тұрғанын аңғаруымыз керек? Мұндай заңмен болашақта бала туылмайды. Халық саны өспейді. Өзінен-өзі жойылады деген сөз. Бұл ащы да болса ақиқат. Ал ақиқаттан аттап кету арға сын. Ал енді бірінші оқылымнан кедергісіз өтіп кеткен бұл заңсымақтың енді Сенаттың отырысында ғана қаралуы қалып отыр. Өткенде ғана халықтың қалауымен емес, «Nur Otan-ның» талабымен тағайындалған депутаттардың алдына барса сорақылықтың сор батпағына сонда батамыз. Біріншіден, халықтың жүрегін емес, биліктің білегін сүйіп жүрген (*әрине бәрі емес*), кейбіреулерін ант қабылдау кезінде көзімізбен көріп куә болғанымыздай, арнайы жазып дайындап берген төрт-ақ ауыз сөйлемді төбесінен ұрып тескендей ғып, басын жарып, көзін шығарып, шимаңдай топтың алдында күллі жұртқа келеке мазақ болған мәжіліс депутаттарына деген сеніміміз жоғалғанын несіне жасырайық. Екіншіден, жаңа билік басынаа келген халық қалаулыларының көбісінің бақыттан басы айналып осы заң жобасының бүге-шүгесіне дейін ақ қарасын ажыратып оқып танысып шықты дегеніне өз басым әлі сенбеймін. Ешкім де сенбейді. Себебі ел-жұртты шулатып жатқан бұл заңның мүлдем дұрыс еместігін айтып, дәлелдеп, халыққа түсіндіріп жатқан бірде бір басшы, не депутатты көрмедім де, естімедім. Бұл тұрғыда заңгерлер тобынан, ұлты басқа болса да Анатоли Кимнің: «*Мен заңгер ретінде ғана емес, әке ретінде, Қазақстан Республикасының азаматы ретінде, бұл заңға өзімнің түбегейлі қарсы екенімді мәлімдеймін*» деген уәжіне дән риза болдық. Қазақта «Қалыпқа салма, халыққа сал», «Халық қаласа хан түйесін сойыпты», «Хан қарақшы, халық сарапшы» деген даналық сөздер бекер айтылмаса керек-ті. Халықтың тағдырын шешетін «Денсаулық кодексі» де сәуір айында біреуге жан қайғы, біреуге мал қайғы болып, бүкіл ел карантин деп үй қамақта отырғанда мақұлданып кеткенін қалай жоққа шығарамыз. Басқасын айтпағанда, «Денсаулық кодексінің » 92-бабында ғы 10 жастан 18 жасқа дейінгі жыныстық тәрбие беру дегенді қалай қабылдаймыз. Халық наразылығын білдіріп, шу көтерген соң ғана атын өзгертіп сыпайы түрде «репродуктивті тәрбие» деп сыртын ғана сылап қоя салды. Ал он жастағы балаларға жыныстық қатынас емес, тақпақ жаттап, ән айтып, сурет салып, есеп шығарып, қыз бала болса қуыршақ ойнайтын кезі емес пе? Онан соң жыныс мүшелерін ауыстыру құқы деген не сұмдық? Алланың жаратқанына қарсы тұру ғой. Бұдан асқан азғындықтың түрі болмас сірә. Құдайдың қаһарына ұшырамай тұрып, бұндай келеңсіздіктердің жолын кесуіміз керек.

Камнұр ТӘЛІМҰЛЫ

ОЙ ҰШҚЫН

АТЫҢ ӨЗГЕРМЕСІН...

Балаға ат қою өмірде бір-ақ рет болатын ұлы рәсім әрі сүннет амалдың ең мүкәммәл берігі. Қазақ халқы бұл рәсімге аса құрметпен, бірақ сақтықпен қараған. Он ойланып, мың толғанып, бір ұйықтап, бір түс көріп, тіпті аянмен балаға нәм берген. Ат қоюда халқымыздың даналығы бірінші орында болған. Қазыққа байланған ат іспеттес, балаға арнаған есімге оның тағдырын, келешегін, болашағын байлаған.

Әлбетте, ол дәуірдің ат қоюшы ата-әжелердің ақ баталы имани есімдері бүтін бір елге заң болған, қарсылықсыз бірауыздан құптаған. Қазірде ол заңдылық артта қалып, ат қою рәсімі заманауи әке мен анаға өткен. Бөгдеге еліктеуден болар, есімінің мағынасын ел түгілі өздері де түсінбей жатады. Бүгінде азан шақырылған есімді ауыстыру сәнге айналды. Жалпы, есім өзгертуді адам өміріндегі құбылысты бұрылыс деп санауға болады яғни тағдырды басқа арнаға бұру. Уақытысында дұрыс есім берілмесе немесе ұялу ыңғайсыздығы туындаса, есімін өзгерту ықтияры әрине дұрыс. Оның өзі қандай жағдайда, мәселен мұсылман балаға өз дәуірінде қандай да бір халыққа зұлымдығы өткен дінсіздің есімі білместікпен берілсе ғана есімді өзгерту міндет болып табылады. Ал, қазіргі қазақи есімдерді өзгерту, оны арабшаға ауыстыру не болмаса арабша тіркемелерді есімнің алды-артына тіркеу, болмаса шетел тіліне ыңғайлау құр ғана әурешілік.

Ғасырлар бұрын қазақи дәстүрдегі аталарымыз балаға есім беруде екі нәрсеге тірелген. Мәселен, қай руға тиесілі екендігін білдіретін яғни Жалайыр болса, Жалайыри немесе Наймани, Қыпшақи деген тіркемелерді қосқан. Екіншісі туған жеріне қарай Түркістанды мекендесе Түркістани, Әль Фараби дегенді тіркеген. Бүгінде дәл осы «әл» мен «и» дегенді тіркеу жөнсіз. Себебі, бұл үлкен еңбек сіңірген, тарихқа есімдері ойылып жазылған әрі иман мен исламның туын көкке көтерген, өздері батыл, сүйектері асыл, сөздері ақыл, есіміне лайықты ғұмыр кешкен, атына заты сай, хат қалдырған аталарымыздың үрдісі. Ал, бүгінгі қазақи әдемі есімін қанағат тұтпаған еліктеушілер осы үрдісті жалғастыруға ең болмаса рухани дайын ба? Еліктемесін демеймін, еліктесін. Алайда, ислами тұрғыда Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбардың көзін көрген яғни жанында бір күнін өткерген рухы мықты сахабаларға, үлкен табиғиндерге, тіпті пайғамбарға, одан бергі қазақтың небір-небір ғұламаларына еліктегісі келсе, алдымен олардың өмірімен таныссын, сосын иманға келсін, одан кейін білімге ұмтылсын, қала берді мінезін түзесін, арасында ағайынмен тату болсын, барынша қоғамға сыйымды болсын. Міне, сонда ғана бүгінгінің мүмин Ибраһимі, діндар Әбу Ханифасы, ғалым әл Фарабиі, ақын Ахмед Яссауиі, гуманист Абайы бола алады. Ал, «өзім білем», мен «өз еркімге» салынып, ұлылардың есімімен істейтіні күнә, айтатыны жаман сөз, баратыны клуб, шығатыны зина болса, онда оның кім болғаны?

Есімнің тағдырға берер өзіндік пайдасы мен ықпалы бар. Сондығынан, бабаларымыз ұлылардың жолына салу үшін, ұрпағына кітапқа қарап пайғамбарлар есімін, тарихқа қарап батырлар, жыраулар, ақындар есімдерін ниеттеген. Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбардың өзі «Балаға ат қоюда мұқият болыңдар, көркем есім беріңдер» демеді ме? Бұл бекерден бекер емес! Керек десеңіз, есім зерттейтін антропонимика ғылымы да осы ұлы сөзге сүйенеді. Адам есімі неғұрлым көркем болған сайын, адамның өзі де көрікті, өмірі де көңілді болады делінеді.

Ел ішінде пайғамбарлар есімі балаға ауыр болады деген сәл қате ұғым бар. Негізінде, пайғамбарлар есімімен аталған балаға ұрсып, жекуде ата-анаға ауыр тимес үшін, шариғат тіркемені қарастырады. Мәселен, Ибраһим есіміне Абайды тіркеген. Осы тіркемемен біздің данышпан Абай атамыз әлі күнге жадымызда. Бұдан басқа, жәннетпен сүйіншіленген он сахабаның бірі Сағд ибн Әби Уаққастың есімін аталарымыз Сәдуақас деп ана тілімізге ыңғайлаған. Мұхаммедті Махамбет, Ибраһимді Ыбырахым, Хасан Хусейінді Асан мен Үсен, Айшаны Қайша, Фатиманы Бәтима деп есімдеген. Негізінде, ат қоюда мен осы екі нұсқаны ұсынар едім. Ал, енді осындай тіркессіз балаға Мұхаммед есімі берілсе, Муха деп, Ибраһимді Ибо деп ойнап та, қалжыңсыз да қысқартуға болмайды. Жалпы, қазақ болып туылып, мұсылман болып қайтамын деген ниеттегілерге айтарым, жақсылап ұғыныңыздар, қазақы есімдеріңіз өздеріңізге Құдай берген құт, өйткені бұл өз қаныңыздан тараған өзек. Мұсылмандық есімде емес, жүректе, иманда, мінезде. Қазақтың көзден, сөзден, тілден қорғаныш есебінде аталған Қиқым, Итаяқ, Жаманбала, Сасықбай, тіпті Көтібар мен Майкөтендер де бұ дүниеден мұсылмандықтан жиренбей, иманмен өткен. Ендеше, өзімізді өзегімізден теппейікші ағайын!

Нұрлан қажы БАЙЖІГІТҰЛЫ,
дінтанушы, имам.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

СУДЕБНАЯ СИСТЕМА

ПОЗВОЛЯЕТ ВЕСТИ АВТОМАТИЗИРОВАННЫЙ УЧЕТ И КОНТРОЛЬ

В современных условиях возрастает потребность в оперативном поиске и получении информации, требуется оптимизация и ускорение любых, в том числе судебных процедур, автоматизация бизнес-процессов.

Уникальность новой системы «Торелик» состоит в том, что она позволяет вести автоматизированный учет и контроль соблюдения сроков при регистрации, рассмотрении исковых заявлений (жалоб) и в целом за соблюдением всех процессуальных сроков.

Система осуществляет доступ ко всем необходимым в процессе отправления правосудия информационным базам государственных органов. «Торелик» позволяет выполнить сразу три задачи: эффективно организовать работу судей, облегчить и упростить доступ к судебной защите, обеспечить новые возможности для контроля и исключения человеческого фактора, в том числе любых не процессуальных контактов.

Использование информационно-коммуникационных технологий в судебной деятельности дает ряд огромных возможностей и преимуществ:

- освобождение судей и судебных работников от рутинного, непроизводительного и не требующего больших интеллектуальных затрат труда, ускорение «бизнес-процессов», формирование и использование больших по объемов и разнообразных по содержанию статистических и аналитических данных;

- повышение возможностей эффективного мониторинга и контроля за судопроизводством, как со стороны самого суда, так и со стороны общественности, что стимулирует объективное и беспристрастное отношение к организации;

- облегчение доступа к правосудию, сокращение судебных издержек и расходов на содержание судебной системы;

- повышение открытости правосудия за счет расширения доступа к актуализированной и полной судебной информации, обеспечение «обратной связи» судов с населением, что в конечном итоге влияет на степень доверия к судебной власти;

- обеспечение режима правовой определенности, через формирование и доступ к единообразной судебной практике по разрешению конкретных судебно-правовых споров, что непосредственно отражается на стабильности и предсказуемости правовых отношений.

**Ержан БАЙМУЛДИНОВ,
ведущий специалист
Талдыкорганского городского суда.**

ПРЕСТУПЛЕНИЙ ПРОТИВ СОБСТВЕННОСТИ

Вымогательство относится к числу корыстных преступлений против собственности. Вымогательство, то есть требование передачи чужого имущества или права на имущество или совершения других действий имущественного характера под угрозой применения насилия либо уничтожения или повреждения чужого имущества, а равно под угрозой распространения сведений, позорящих потерпевшего или его близких, либо иных сведений, оглашение которых может причинить существенный вред интересам потерпевшего или его близких.

Вымогательство считается оконченным в момент предъявления потерпевшему имущественных требований, соединенных с соответствующими угрозами, независимо от того, достиг виновный желаемой цели, получил требуемого имущества, права на имущество или добился совершения потерпевшим действий имущественного характера.

При квалификации действий виновного лица как вымогательство следует устанавливать конкретный вид угрозы, предусмотренный в диспозиции закона, имея в виду, что потерпевшим от угрозы вымогателя может быть как собственник или лицо, в введении или под охраной которого находится имущество, так и их близкие. Форма выражения угрозы для квалификации вымогательства значения не имеет (устная или письменная, высказанная лично или через посредника, сформулированная откровенно или в завуалированной форме), однако, ее содержание должно быть воспринято потерпевшим однозначно в соответствии с ее фактическим смыслом.

Для квалификации действий вымогателя несущественно, кем может быть реализована эта угроза: им самим или его соучастниками.

Как вымогательство под угрозой применения насилия следует понимать действия, выражающие намерение оказать принудительное психологическое воздействие (угроза лишить жизни, причинить тяжкий, средний или легкий вред здоровью, совершить изнасилование или иные насильственные действия).

При вымогательстве, совершенном с угрозой уничтожения или повреждения имущества, для квалификации действий виновного не имеет значения, о каком имуществе идет речь (вверенном потерпевшему для охраны или его собственном, движимом или недвижимом) и каким способом эта угроза будет реализована. В этих случаях следует иметь в виду, что угроза должна быть реальной и способной оказать устрашающее воздействие на потерпевшего.

**Бекмурат ДУЙСЕНБЕКОВ,
судья Талдыкорганского
городского суда.**

ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВО

ПОДВЕДЕНЫ ИТОГИ РАБОТЫ ПО ЗАЩИТЕ БИЗНЕСА

КАК В АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ ЗАЩИЩАЮТ ПРАВА ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ, КАКАЯ ПОМОЩЬ БЫЛА ИМ ОКАЗАНА В КАРАНТИННЫЙ ПЕРИОД? ОТВЕТЫ НА ЭТИ И МНОГИЕ ВОПРОСЫ О ПОДДЕРЖКЕ БИЗНЕСА НА ИНФОРМАЦИОННОЙ ПЛОЩАДКЕ «JETISUMEDIA» ОЗВУЧИЛ ДИРЕКТОР ПАЛАТЫ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ АЛМАТИНСКОЙОБЛАСТИ АСЕТ ШАЯХМЕТОВ, СООБЩАЕТ ПРЕСС-СЛУЖБА РЕГИОНАЛЬНОЙ ПАЛАТЫ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ.

В ходе пресс-конференции Асет Шаяхметов рассказал, что для выявления наиболее пострадавших отраслей экономики региональной палатой был проведен анализ деятельности 7 348 субъектов бизнеса. Это 48% от общего числа действовавших предприятий в наиболее пострадавших отраслях экономики.

«*По результатам проведенного анализа в 7 348 предприятиях бизнеса сокращено более 5,6 тысяч работников или около 6,6% от общей численности. В отпуск без сохранения заработной платы отправлены около 9 тысяч работников или около 10,5% от общей численности работников, 68 компаний потеряли доход и закрылись полностью*», - отметил глава областной палаты.

Вместе с тем, совместно с местными исполнительными органами были оказаны комплексные меры государственной поддержки. Так, от уплаты арендных платежей на имущества, находящегося в коммунальной собственности области освобождение получили 690 субъектов малого и среднего предпринимательства. Порядка 119 тысяч субъектов бизнеса получили налоговые стимулы, 641 субъектам МСБ были предоставлены отсрочки по кредитам. С начала введения карантина проведены встречи с руководителями 77 торговых домов, рынков и ТРЦ по вопросу условий предоставления аренды. По итогам встреч снижена оплата за аренду 6,5 тысячам арендаторам от 30 до 90%.

Кроме того, более 20 тысяч предпринимателей через infokazakhstan.kz возобновили свою деятельность.

«*В период карантина в Алматинской области приостановили свою деятельность свыше 15 тысяч субъектов предпринимательской деятельности. С помощью портала infokazakhstan.kz 21 022 представителей бизнес-сообщества получили свои акты на возобновление деятельности. Порядка 90% субъектов предпринимательства возобновили свою деятельность без проверки, в уведомительном порядке*»,- сообщил Асет Шаяхметов.

Весомая поддержка была оказана по линии защиты прав и интересов предпринимательства. В 2020 году в Палату поступило 233 обращения от юридических лиц, из них 88 получили положительное решение.

«*Большая часть обращений касается вопросов государственных закупок и земельных отношений, а также это жалобы на действия государственных органов, вопросы в сфере налогов, агропромышленного комплекса. В целом, благодаря нашей поддержке имущественные права бизнеса были защищены на общую сумму 1,2 млрд тенге, что в два раза выше, чем в 2019 году*», - подчеркнул директор РПП.

Решению проблемных вопросов предпринимателей значительно поспособствовал Совет по защите прав предпринимателей и противодействию коррупции. На заседаниях Совета рассмотрено 16 проблемных вопросов, из которых 10 получили положительное решение. 5 должностных лиц уполномоченных органов, нарушивших права предпринимателей были привлечены к дисциплинарной ответственности.

«Атамекен» является нефинансовым оператором государственных программ «Дорожная карта бизнеса – 2025» и «Еңбек». В 2020 году более 16 тысячам предпринимателям региона через Центры обслуживания предпринимателей были предоставлены 17,5 тысяч сервисных и консультационных услуг. Благодаря поддержке менеджеров Палаты предпринимателей 1,3 тысяч проектов получили финансирование на 5,8 млрд тенге в рамках инструментов государственной поддержки.

Асет Шаяхметов также рассказал о реализации обучающего проекта основам предпринимательства «Бастау Бизнес». В прошлом году обучение по проекту состоялось в онлайн формате на портале НПП atameken.com. 3 022 безработных и начинающих предпринимателей региона обучились азам бизнеса и повысили предпринимательские навыки. Всего из числа обученных по «Бастау Бизнес» с учетом завершивших в прошлые годы, финансирование получили 2039 человек на общую сумму 1,8 млрд тенге.

Активно идет льготное кредитование бизнеса по программе «Экономика простых вещей». Программа была запущена для создания конкурентоспособных производств, обеспечения нужд населения и замещения импорта социально-значимых продовольственных товаров. В портфеле Алматинской области 252 проекта стоимостью 74,8 млрд тенге.

«*По данной программе в настоящее время банками второго уровня и Аграрнокредитной корпорацией одобрен 181 проект на общую сумму 45,7 млрд тенге. Проекты представлены по таким отраслям как, АПК, туризм и услуги, легкая промышленность, деревообработка и бумага, сфера производства мебели, строительных материалов и хозяйственно-бытовых изделий, складирование и хранение грузов, машиностроение и металлургия, пищевая промышленность, образование, химическая промышленность и электроэнергетика*», - добавил директор Палаты.

Важным направлением в деятельности «Атамекена» является развитие человеческого капитала. Асет Шаяхметов отметил, что бизнесмены решают вопросы нехватки кадров открывая учебные центры при предприятиях и участвую в Дорожной карте дуального обучения.

«*При содействии Региональной палаты в нашей области открыто 80 учебных центров. Они осуществляют подготовку безработных граждан по востребованным на рынке труда 46 профессиям и специальностям. В 2020 году на базе учебных центров краткосрочное обучение прошли 2536 человек, из них трудоустроено 2272 человека, - подчеркнул он. - Предприятия также имеет возможность подготовить для себя кадры «под заказ» в рамках дуального обучения. В целом в Дорожную карту дуального обучения от Алматинской области вошли 3225 учащихся учреждений технического и профессионального обучения, 23 колледжа и 344 предприятия региона по 28 специальностям, 47 квалификациям и 9 отраслям*».

В завершение пресс-конференции Асет Шаяхметов отметил, что после поручения Главы государства Правительству РК и НПП о разработке новых мер поддержки в регионе начат широкий опрос предпринимателей для выявлению проблемных вопросов и определения необходимых мер господдержки. Далее глава областной палаты ответил на вопросы журналистов.

Ш. ХАМИТОВ.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ИНВЕСТИЦИЯ

СПОРТ КЕШЕНІН САЛЫНБАҚ

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДА КӘСІПКЕР СПОРТ КЕШЕНІН ӨЗ ҚАРЖЫСЫНА САЛЫП, ХАЛЫҚТЫҢ ПАЙДАСЫНА ЖАРАТУ ҮШІН ОНЫ МЕМЛЕКЕТ МЕНШІГІНЕ БЕРУГЕ НИЕТТІ. ОСЫ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ҰСЫНЫСТАРЫМЕН ЖӘНЕ БІРНЕШЕ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРЫМЕН КЕЛГЕН КӘСІПКЕРЛЕРДІ БҮГІН ОБЛЫС ӘКІМІ АМАНДЫҚ БАТАЛОВ ҚАБЫЛДАДЫ. БҰЛ ЖӨНІНДЕ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ ХАБАРЛАДЫ.

Кәсіпкерлерді Азия құрлығындағы Күрес федерациясының президенті, ҚР Грек-рим және еркін күрес, әйелдер күресі федерациясының вице-президенті, Бүкіләлемдік Күрес федерациясының вице-президенті, «СемАз» АҚ акционері Дәулет Тұрлыханов бастап келді. Алдымен сөз алған «Вираж» холдингінің бас директоры Владимир Котельников Талғар ауданы Қызылқайрат ауылында 2,5 га жерге спорт кешенін салуды жос-парлап отырғанын айтып, жалпы алаңы 1 мың шаршы метрлік екі қабатты спорт нысанының эскиздік жобасын көрсетті. Онда күрес залы, волейбол, баскетбол, футбол алаңдары қарастырылған. Жобаға шамамен 450 мың доллар инвестиция салынады. В.Котельниковтың айтуынша, құ-рылыс жұмыстарына 1-1,5 жылдай уақыт кетеді. Кәсіпкер ғимарат салынып біткеннен кейін оны күтіп ұстау, нысанда жұмыс істейтін жаттықтырушылық құрамды қа-лыптастыру, халықты спортпен айналысуға тарту ісін жандандыру үшін нысанды мемлекет меншігіне бермек. Әкімдік тарапынан спорт кешені мен негізгі трассаны жалғайтын 200 метрлік жолды асфальттау мен жарық шамдарын орнату жоспарға енгізілсе деген ұсынысын айтты.

Облыс әкімі Амандық Баталов өз кезегінде спорт кешенінің құрылысын бастауға қажетті техникалық шарттар, рұқсат қағаздарының кедергісіз берілетінін жеткізді. Жалпы облыс-та 11 спорт кешені салынғанын тілге тиек етіп, мұндай нысандардың жас ұрпақты спорт арқылы тәрбиелеуге тигізетін ықпалы зор екенін атап өтті. Сонымен қатар В.Котельников компаниясының Қазақстанның автокөлік нарығындағы көшбасшылардың бірі екенін айтты.

– Еліміздегі ірі қалаларда техникалық қызмет көрсету орталықтарымыз жұмыс істейді. Бізге жер бөліп берсе, Талдықорған қаласынан да осындай орталық ашсақ дейміз. Инвестиция көлемі 900 млн теңгеден басталады. 50-70 адамға жұмыс орны ашылады. Басты мақсатымыз – техникалық, кепілдік қызмет көрсету үшін шаруаларды Алматыға сабылдырмай, осы жерден қызмет көрсету»,– деді В.Котельников.

Өз сөзінде Амандық Баталов жуырда Талдықорған қаласының автопарктері жаңартылғанын, сол сияқты аудан-қалалардың коммуналдық шаруашылыққа қажетті техникаларының да қатары толығатынын айтты. Сол сияқты қант қызылшасын, жүгері өсіруді жандандыру барысында да бірқатар жаңа ауыл шаруашылығы техникалары сатып алынған. Сондықтан алдағы уақытта «Вираж» холдингі ұсынып отырған көлік құралдарын да қарастыруға болатынын жеткізді. Сол сияқты техникалық қызмет көрсету орталығының жобасы да қолдауға лайық жоба екенін айтты.

Кездесуде «Техноград» ЖШС бас директоры Балалдин Ушуров сөз алып, ол Талғар ауданы аумағында жүзеге асыруға ниетті инвестициялық жобаларын таныстырды. Олар – тұрмыстық техника мен жиһаз сататын арнайы сауда үйі мен жол бойында қызмет көрсететін орын. Біріншісіне 250 млн. теңге, екіншісі 650 млн. теңге көлемінде инвестиция салынбақ. Облыс басшысы жобаны қолдайтынын, дегенмен оны іске асыру барысында жол бойындағы бір де бір ағашқа зиян келтірмеуі керектігін ескертті және оны қадағалауды аудан әкімдігіне тапсырды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

ДЗЮДО

Нұр-Сұлтандағы «Сарыарқа» велотрегінде дзюдо орталығы ашылып, оған ҚР Мәдениет және спорт министрінің орынбасары Сәкен Жүнісбекұлы Мұсайбеков пен Қазақстан дзюдо федерациясының президенті Қайрат Пернешұлы Қожамжаров қатысты. Бұл жөнінде olympic.kz сайты мәлімдеді.

Айта кетсек, «Дзюдо федерациясы» республикалық қоғамдық бірлестігі ҚР Ұлттық Олимпиадалық комитеті және Халықаралық дзюдо федерациясымен бірлесіп, еліміздің барлық облыстары мен республикалық маңызы бар 3 қалада 5 жастан 12 жасқа дейінгі балалардың дзюдо спортымен тегін айналысуына арналған 20 спорттық секция ашты.

ОРТАЛЫҚ АШЫЛДЫ

Аталған спорттық көпфункционалдық кешен әлемдік стандарттарға сай жабдықталған әрі мұнда 6 жастан 17 жасқа дейінгі балалар жаттығатын болады. Сонымен қатар, орталықта дзюдодан ҚР Ұлттық құрама команданың оқу-жаттығу жиындары өткізіледі деп жоспарланған. Жаңадан ашылған кешенде 120-дан астам дзюдошы жаттығады. Қазір негізгі залдың көлемі 410,4 шаршы метрді құрайды. Бұл бір мезетте 100 адамның емін-еркін дайындалуына мүмкіндік береді. Ал, орталықтың жалпы аумағы 721,2 шаршы метрді алып жатыр. Бұл жерге киім ауыстыратын және басқа да бөлімдер кіреді.

Мәліметтер бойынша, федерация өз кезегінде спорттық залдарды материалдық-техникалық қамтамасыз еткен. Мәселен,орталықтар татами, кимономен қамтамасыз етіліп,арнайы жаттықтырушылар шақырылған. Ұлттық федерация президенті Қайрат Қожамжаровтың айтуынша, қазіргі таңда Қазақстанда 2 582 секцияда 87 293 адам дзюдомен айналысады. Нұр-Сұлтан қаласында 63 секцияда 6 358 адам осы спортпен шұғылданады.

ЖАСӨСПІРІМДЕР ЖАРЫСЫ

ЖҮЛДЕЛІ орыннан көрінді

Талдықорғандағы спорт интернатының оқушылары қаңтар айында түрлі жарыстарда бақ сынап, жүлделі орыннан көрінді. Әр сайыстың қорытындысы бойынша облысымыздың жеткен жетістігі қомақты.

Өскеменде жеңіл атлетикадан 2004-2005 жылғы жасөспірімдер арасындаөткен жарысқа еліміздің 10 облыс, 3 қаласынан келген спортшылар бақ сынасты. Додада облысымыздың спортшылары намысты қолдан бермей, жеңістің тұғырынан көрінді. Атап айтсақ, Айбол Омар 1500 және 3000 метрде алтыннан алқа тақса, Сания Құдайберген 1500 метрде күміс, 3000 метрде қола жүлдегер атанды. Ал Ернар Жұмамұратұлы 800 метрде тұғырдың екінші сатысынан көрінді. 3000 метрде Мадияр Орманғалиқолаға қол созды. Ақбаян Нұрмәмет 3000 метрде күміспен күптелсе, кедергімен жүгіруде 2000 метрде тұғырдың бірінші орынға ие болды. Ал спорттық жүріс бойынша Нұрзат Күнболатұлы 3000 метрде жеңімпаз атанып, Ақылбек Бақтаймас қоланы қанжығалады.

Сондай-ақ,Текеліде дзюдодан 2001-2003 жылғы жастар,2004-2005 жылғы жасөспірімдер арасында облыстық біріншілігі өтіп, жеңімпаз атанған жасөспірім балуандар ақпанда Ақтөбеде, жастар наурызда Оралда өтетін ел чемпионатына жолдама алды. Жастар арасында спорт интернатының атынан шыққан Ерлан Советхан 60 келі, Аружан Кенесары 70 келі салмақ дәрежесінде 1-орынды қанжығаласа, Жанай Куанов 60, Темірлан Қайролда 100 келіде 2-орынды иеленді. Ал-Бекзат Тұрсұнғали 66 келі, Ескендір Жеңісов 73 келіде қола жүлдені қанағат тұтты. Жасөспірімдер арасында Әлім Әділбеков 55, ІңкәрТөлепбергенова 57, Саяжан Өзбек 63 келі салмақта алтыннан алқа тақса, Ақжігіт Насыр 60, Наргиз Капсамет 57, Әнел Ұзақбай 63, Айбек Балабек 81келі салмақта күміс жүлдені олжалады. Серкан Құнапия 50, Нұрсұлтан Әбдіғұл 50, Қалқаман Нүсіпбай 60, Марлан Жұмабек 60, РаминаТұрсынғали+70 келіде қола жүлдені иемденді.

Ал Талдықорғанда бокстан 2003-2008 жылғыжастар мен жасөспірімдер арасында өткен облыс біріншілігінде спорт интернатының оқушыларыА. Садық, А. Жадик, А. Бостыбаева,М. Қанатқызы,А. Тұрсынбек, А. Есжан өз салмақтарында жеңімпаз атанды.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ

ЖЕҢІМПАЗ

СПОРТШЫ ӨЗІН АЯМАУ КЕРЕК

Талдықорған қаласында 25-29 қаңтар аралығында жасөспірімдер арасында өткен Алматы облысының чемпионатында 46 келі салмақ дәрежесінде Ерсайын Мамырайымов үшінші орынды қанжығалады. Осы орайда жеңімпаз спортшымен жүздесіп, әңгімелесудің сәті түды.

– Кезекті жүлдең құтты болсын. 231 спортшының арасынан суырылып шығу үлкен еңбекті, көп жаттығуды талап етеді. Жекпе-жекке шығу алдындағы дайындық жайында айтып берсең.

– Рақмет, менің жетістікке жетуде жаттықтырушым Нұрғали Аюбаевтың еңбегі зор. Спортқа алғаш келгеннен тәрбиесіне алып, бокстың қыр сырын үйретіп келеді. Дайындық Сарқан ауданы Лепсі ауылындағы мектепте өтеді. Жарыс болатынын естіген сәттен қызу дайындыққа кірісіп кеттік.

– Шаршы алаңға шыққан алғашқы сәтің есіңде ме?

– Әрине. Боксқа деген сүйіспеншілікті арттырған жекпе-жек болды. Себебі, жекпе-жекте мен бірінші орын иеленіп, алғашқы кубогымды алдым. Алаңға шығарда қобалжып, бойымды қорқыныш биледі. Мұндай сезім кез келген спортшының басында болады деп ойлаймын. Дей тұрғанмен, жаттықтырушым мен отбасымның қолдауы ондай сәтте үлкен күш береді.

– Спортқа неше жасыңда келдің?

– Спортқа келемін деп еш ойламағанмын. Бірде анам мен әпкем келіп «боксқа барасың ба?» деп сұрады. Мен «иә» дедім, осылайша бокстың табылдырығын аттадым. Ол кезде екінші сынып оқимын. Одан бері төрт жыл өтті. Көп жарысқа қатыстым. Бірақ, боксқа келгеніме өкінбеймін.

– Алдағы жоспарыңмен де бөліссең?

– Олимпиада чемпионы, марқұм Жақсылық Үшкемпіров бір сөзінде: «Спорт – киелі. Спортқа келетіндер көп, қалатындар аз. Спорттағы жанкештілік қара тастарды тырнағымен илейтін қыран тектес мінезділікті талап етеді. Сұңқарша қанат қағу үшін де ерік-жігер, төзім көп керек. Спортшы өзін аямау керек» деген еді. Менің қазіргі мақсатым – үлкен рингке шығу. Осы жолда аянбаудамын. Ата-анамның, жаттықтырушымның үмітін ақтап, үлкен жетістіктерге жетсем деймін.

Мадина АХМАТОВА,
Жетісу университетінің 4-курс білімгері.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

КӘСІПКЕР

Әлеуметтік желіде танымалдылығы артып, баспана алу мәселесін банк тілінде емес, халық тілінде түсіндіріп жүрген Дәулет Мұқаев «Бизнеске бағыт» атты кітабын жарыққа шығарған еді. Еліміздің түкпір-түкпіріне тарап, сұранысы артқан еңбектің бүгінде бір де бір данасы сатылымда қалмаған. Осы кітапты негізге алып, жастана оқыған кейбір қарапайым отбасы өз кәсібін дөңгелетіп, алғашқы капиталын жасағандарын айтады. Ендеше былтырғы жылдың бестселлеріне айналған кітаптан үзінді ұсынамыз. Кәдіңізге жарасын.

ӘРЕКЕТКЕ БЕРЕКЕТ

Ақша бітсе, уайымға салыну.

Тұрмыстың билігі санаға жүріп тұрған шақта, ақшасыз өмір сүру мүмкін емес. Дегенмен барлық нәрсенің кілті ақшада емес. Егер қалтаңызды көк тиын қалмай қалса, уайымдап, қобалжудың қажеті жоқ. Себебі бұл әдетке айналып кетсе, сіз ақша бітсе болды қарызға кіруге асығып тұрасыз. Ал қарызға көп байланған сайын сіздің баюға деген құлшынысыңыз жоғалады. Әр тапқаныңызды қарызға берсеңіз, сіз қашан байлыққа кенелесіз?

Аз кірістен көп шығын жасау.

Шығынды есептеңіз. Себебі кіріс аз болса, немесе белгілі бір орташа көлемде болса соған қарай икемделу керек. Адамдардың кедейлікке ұрынып қалатын тағы бір себебі де осы. Олар көп шашылып, аз қаржы табады. Есебін жасамайды. Сондықтан кіріске қарай, шығын жасаңыз. Жалақыға бір күн емес, әлі бір ай өмір сүру керектігін ұмытпаңыз. Осы әдеттерден гөрі ақша табудың қосымша жолын қарастырып, әлгіндей тірлікке кеткен уақытын одан да сол екінші жұмысқа кетірсек басқаша нәтиже болушы еді. Қазақтың бай қуатты болуына ең бірінші кедергі болып отырғаны – осы мәселе. Көбіміз «Шіркін, байып кетсем», «Беделді, атақты болып кетсем», «Қымбат көлік алсам», «Жақсы киінсем» менен асқан бақытты адам болмас еді дейміз. Кез келген адам миллионер болуды, қаржылық сауаттылықты, ақша жинақтау жолдарын білгенді қалайды. Алайда әрекеттері үнемі сәтті бола бермейді. Адамдар қарапайым нәрселерге назар аудармайды. Ал әлемдік тәжірибе бұл ережелерді сақтау керектігін айтады. Сонымен, ақша тауып, кәсіп ашқыңыз келсе, ең алдымен өзіңіз мына кеңестерге назар аударыңыз.

Жеке бюджетті бақылау

Иә, бұл жалықтыратын әдет болып көрінеді. Бірақ, нағыз бай адамдар өздерінің кірісімен қатар шығыстарының да нақты көлемін біледі. Қаражаты көбейген сайын есепке де мығым болады. Өз уақытыңызды дұрыс жоспарлау. Бұл құнды ресурсты дұрыс қолданса, айтарлықтай нәтижеге қол жеткізуге көмектеседі. «әлеуметтік желінің пайдасы жоқ, тек уақытымызды ұрлайды» дейміз, бірақ дұрыс пайдалансақ зиян емес, керісінше пайдалы. Таңнан кешке дейін керексіз парақшаларды ақтарып, айдаладағы біреудің өмірін бақылап, пікір жазып отырсақ, әрине, зиян. Ал өзімізге қажетті ақпаратты ала білсек, пайдасын көре аламыз.

Өршіл мақсаттар қою

Бай адамдар өз уақытын ұйымдастыруға көп көңіл бөледі: миллионерлердің 81%-ы өздерінің істерінің тізімін ретімен жүргізеді. Демек, алға қойылған мақсат пен оған жету жолында жақсы ойластырылған қадамдар шын мәнінде нәтиже береді. Мәселен, атақты кәсіпкер, миллионер Ричард

Өзіңді дамыту үшін ақшаны аямау

«Адам үнемі өзін дамыту керек» деген сөзді әрбір миллионердің кеңесінен байқаймыз. Себебі, қаншалықты көп білсең, соншалықты мүмкіндікке ие боласың. Демек, жан-жақты даму үшін қаржы салуды әдетке айналдыру керек. Осы тұста миллионерлердің тағы бір әдетін атап өтейік. Ауқатты адамдар ақшаны рахат өмір сүру құралы емес, ең алдымен, жинақ пен инвестиция деп есептейді. Сондықтан, ай сайынғы табыстың кемінде 10%-ын жинақ шотына салуды ұмытпаңыз. Бай адамдар тіпті көп қаржы бөледі екен: олар өз табысынан 20%-ға дейін инвестициялайды. Көптеген сарапшылар «50-30-20» ережесін ұстануды тұсынады. Бұл дегеніміз, 50% табысты ең қажетті тнәрселерге жұмсайды, 30% — жаңа киім немесе саяхат сияқты заттарға және қалған 20% жинақ шотына салады.

АТАМНЫҢ ӘҢГІМЕСІ

«ТАСТАЙЫН ДА САТАМЫЗ»

Атамның әзіл-қалжыңға жақын қутыкеш мінезі бар-тын. Бірде үйге қызық жайды баяндап келіп, ішек-сілемізді қатырғаны есімде қалыпты. Түс әлетінде бие жайып жүрсе, алыстан көршінің келіні амандасқан көрінеді. Көш жерден «Ата, сіздер қымыз сатасыздар ма?» деп айқайлаған екен. «Иә, балам. Үйге барсаң, берер» дейді атам. Әсілі бүгін емес, өзіне қолайлы уақытта алғысы келген болса керек, әлгі келін: «Постоянно сатасыздар ма?» деп орысшасын араластырып және бір сұрайды. Алтайдың арғы жағынан келіп, қазақтардың ғана ортасында өскен атам әлгі келіннің орысшасын жақсы түсінбегенге ұқсайды. «Постоянно» деген сөзді «Тастайын да» деп естісе керек, көрші келінге: «Иә, тастайын да сатамыз» деп суық қымызды меңзей жауап қатқан екен.

Д.ӘМІР



МИ-ФИТНЕС

ЛОГИКАНЫ ТЕКСЕРІҢІЗ

Логикалық сауал – адам ойының, интеллектуалды деңгейінің дамуына үлесі зор. Ми нейрондарының үздіксіз жұмыс жасауы адам ғұмырын ұзартады дейді ғалымдар. Қан айналым жүйесін жақсартып, ми қыртыстарына қажет мөлшердегі пайдалы элементтерді тасымалдайды. Ендеше, төмендегі сауалдарға жауап іздеп, отбасыңызбен талқыға салып көруге кеңес береміз.

1. Қандай сұраққа «иә» деп жауап беруге болмайды?
2. Қандай ыдыстан тамақ іше алмаймыз?
3. Шикідей жемейді. Піскен соң қоқысқа тастайды. Бұл не?
4. Оны жерден көтеру оңай, бірақ алысқа лақтыру қиын.
5. Бір патша өзінің уәзірін орнынан тайдырмақшы болады, алайда оны қатты ренжіткісі келмейді. Ол уәзірін шақырып, екі қағаз ұсынады. «Оның бірінде: «Кетіңіз», ал екіншісінде «Қалыңыз» деп жазылған. Таңдаған қағазыңыз тағдырыңызды шешеді», - дейді. Уәзір екі қағазда да «Кетіңіз» деп жазылғанын түсініп қояды. Соған қарамастан қызметінде қалады. Қалай?

ЖАУАБЫ:

1. «Сіз ұйықтап жатырсыз ба?» деген сауалға «иә» деу мүмкін емес.
2. Бос ыдыстан.
3. Лавр жапырағы.
4. Мамық мақта
5. Уәзір қағазды алып, оны қарамастан орап жұтып қояды. Қалған қағазда «кетіңіз» деп жазылғандықтан, патша екінші бөлікте: «Қалыңыз» деп жазылғанын мойындауға мәжбүр болады.

Бетті әзірлеген Данагүл БЕРЕКЕТ

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Редакция алқасының төрағасы - ЫРЫМ КЕНЕНБАЙ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Карина ПФАЙФЕР – тілші
Лина АЙДЫНҚЫЗЫ – тілші
Данагүл БЕРЕКЕТ – тілші

Кезекші редактор: Л. АЙДЫНҚЫЗЫ

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti

Газет 07.08.2000 жылдан бастап шығады.

Таралымы 3554
Тапсырыс № 155
Индекс 15534